

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№137 (9455) | 1954 жылғы 11 июль Жексенбі | Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ ҮШІН ЖЕМШӨП ҚОРЫН МОЛ ӘЗІРЛЕЙІК.  
П. Әубәкіров.—Шөп шабуға еңбек өнімділігін арттырамыз. Г. Гришин—Училище комсомолдері колхозда (1-бет).  
СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).  
ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ. Г. Абросимов.—Саяси жұмыстың нәтижелері. В. Скинский—Үгітші пішеншілерге келді. Б. Жақыпов.—Бұқаралық-саяси жұмысты жете бағаламайды (2-бет).  
И. Полипов.—Петропавлдықтар бүкілхалықтық іске келелі үлес қосуда (2-бет).

М. Зейтов.—Петропавл қаласындағы жол құрылысы туралы (2-бет).  
В. Федоров.—Жайылымды дұрыс пайдалану—сүтті мол алудың кепілі. С. Сутюшев.—Сыйырлардың құнарлылығын арттырайық (3-бет).  
ССРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТУЫСҚАНДЫҚ СЕМЬЯСЫНДА.  
И. Нодица.—Советтік Молдавия өсіп өркендеуде (3-бет).  
Е. Куприянцева.—МТС кітапханасында (3-бет).  
Халықаралық шолу (4-бет).  
Женева кеңесінің төңірегінде (4-бет).

## Мәдени-ағарту жұмысының дәрежесі жоғары болсын

Еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуде мәдени-ағарту мекемелерінің атқаратын ролі өте зор. Өйткені, бұл мекемелер мәдени жұмыстардың нағыз орталығы болып табылады. Сондықтан да еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру сияқты аса жауапты жұмыстарда мәдени-ағарту мекемелеріне зор жауапкершіліктер жүктеледі.

Бүкіл еліміз, қалалар мен селолардың барлық еңбекшілері көзіргі уақытта бүкілхалықтық міндет болып табылатын еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресіне қызу және аса зор патриоттық бәрлеумен кірісіп жатқан кезде мәдени-ағарту мекемелерінің міндеті де еселеп артып отыр. Еңбекшілердің ел игілігі үшін еңбекке деген жігерін еселеп арттырған СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысы жемшөп дайындау, егін жыйнауға әзірлену мен ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жөніндегі шаруашылық шараларды мүлтіксіз жүзеге асыруға байланысты село еңбекшілерінің арасында саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын батыл өрістетуді талап етті. Ал, бұл жұмыстарда мәдени-ағарту мекемелерінің атқаратын ролі қаулыда атап көрсетілген. Шынында да партия мен үкіметтің елімізде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қаулы-қарарларын еңбекшілер арасында жеңілісінсіз насихаттау, сөйтіп, оларды партия алға қойып отырған аса зор міндеттерді орындау күресіне жұмылдыру, бұл жұмыстарда партия ұйымының сенімді көмекшісі болу— ауыл-селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің абройлы борышы болып табылады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі тарапынан халқымыздың мәдени және рухани тілегін қанағаттандыруға жасап отырған қамқорлықтың айқын сипатын біздің облыстың мәдени өмірінен керуге болады. Мәселен, облысымыздың ауыл-селоларында көзірдің өзінде 600-ден астам мәдени-ағарту мекемелері бар. Олар қажырлы еңбек етіп жүрген еңбекшілердің көңілі дем алатын және рухани азықтанатын мәдениет орталықтарына айналып отыр.

Бұл мәдени-ағарту мекемелерінің саны да жылдан-жылға көбейе түсуде. Оған мысал ретінде былайғы былайғы фактілер

нік жұмыстарын кең түрде жүргізіп, мазмұнды лекциялар мен баяндамалар ұйымдастыруда. Әсіресе, ауылшаруашылық озаттарының тәжірибелері мен советтік агробиологияның соңғы табыстарын насихаттауда олар айтарлықтай табыстарға ие болып отыр. Ал, олар көктемгі егіс кезінде өз жұмыстарын дала қостарына көшіріп, бригада басында жұмыс істеді. Бұл жұмыс әдістерін қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау күресінде де қолдануда. Еңбекшілерді саяси, техникалық және көркем әдебиет кітаптармен қамтамасыз етуді, дала қостарында қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығаруға көмектесуді оқушылар конференциясын ұйымдастырып әртүрлі тақырыптарда әңгімелер өткізуді олар әдетке айналдырған.

Ауыл-селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарына қаладағы мәдени мекемелер де ойдағыдай көмек көрсетті. Қалалық мәдениет бөлімі былайғы жылы облыс колхоздарының еңбекшілері үшін 45 рет концерт жасауды ұйымдастырып, тың жер игерушілерді мәдени құралдармен жабдықтауда зор белсенділік көрсетті.

Дегенмен ауыл-селолық жерлердегі көптеген мәдени-ағарту мекемелері әлі де өз жұмыстарын көзіргі талаптар дәрежесіне сай жүргізе алмай отыр. Бұл мекемелердің жұмысы алда тұрған саяси-шаруашылық міндеттермен, колхоздардың, совхоздардың және МТС-тердің практикалық жұмыстарымен ұштастырыла жүргізілмейді. Бұған мысал есебінде Ленин ауданындағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын алуға болады. Бұл ауданда 9 ауыл-селолық клуб, 12 оқу үйі және 6 кітапхана бар. Бұл мекемелердің қызметкерлері партия мен үкіметіміз белгілеген міндеттерге сай қызмет ету жөнінде ешқандай айтарлықтай жұмыстар жүргізе алмай отыр. Әсіресе, олардың жұмысында мәдени-ағарту жұмыстарын шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізеу сияқты зиянды әдіс орын алған. Сол сияқты, озаттардың тәжірибесі мен ауыл шаруашылығындағы соңғы жаңалықтарды насихаттау ісі де өте төмен дәрежеде жүргізіледі. Бұл ауданда клуб үйлерін астық үйегін қоймаларға айналдырып жіберу сияқты фактілер де көрсетіледі.

## Қоғамдық мал үшін жемшөп қорын мол әзірлейік



Машинист-майшы Василий Донских завод жасаған шөп жыйнағышпен Совет ауданындағы «Совет» колхозында жұмыс істейді. Ол күн сайын екі нормаға дейін орындайды.

СУРЕТТЕ: Василий Донскихтың шөп жыйнап жүрген кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Училище комсомолдері колхозда

Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінің комсомолдері көрші колхоздардың шөп шабу, оны жыйнау жұмыстарына көмектесуде. Өткен жексенбі күні училище комсомолдері мен жастары көрші «30 жылдық Қазақстан» колхозына көмекке барды.

Бұл комсомолдер мен жастарды училище комсомол комитетінің секретары Федоров жолдас бастап барды. 60 адамнан құрылған бригада 150 гектар алаңның шөбін үйді. 20 адамнан құрылған қыз балалар бригадасы огородтың арам шөбін отауға көмектесті. Ал, қалған бригадалар оғаш қоймасын жөндеді.

## Зор мүмкіншіліктер

Семіновқа МТС-нің қажыңдары Абай ақыншылар шөп жыйнағышын Ақбасов

## Шөп шабуға еңбек өнімділігін арттырамыз

Мен өткен жылы өздігімен жүретін «БС-10» шөп машинасының машинисі болып бірінші жыл істедім. Машинаға техникалық күтімді кезінде жасай отырып, онымен бір маусымда 1500 гектар шабындықтың ішіненің шауын, жыйнадым. Орта есеппен алғанда күніне 30 гектардың орнына, 40 гектар жердің шөбін шаптым. Ал, кей күндері 55-60 гектар жердің шөбі шабылды.

Пішен жыйнауға жоғары көрсеткіштерге жету үшін машина қуатын тиімді пайдалану керек. Ал, машина қуатын толық пайдалану, оны пішен шабуға сапалы әзірлеуге байланысты екені мәлім. Сондықтан мен шөп машинасын жөндеу жұмысына баса назар аударамын.

Жөндеу жұмысын тек біз ғұраптық әдіс бойынша жүргіздік. Машина толық жөнделіп болғаннан кейін, оның моторының жөндеу сапасын МТС механигі қадағалап тексереді. Механиктің тексеру жұмысына өзім де қатысамын. Бұл маған үлкен көмек болады. Өйткені, жөндеу сапасын тексеру кезінде механиктің тастқан ақауларын және ескертулерін дереу жоюға қолайлы жағдай жасалады.

Машинаның басқа бөлшектерін жөндеу де мен елесарылармен бірге жүргіземін. Мұнда машинаның барлық бөлшектерін ұқыптылықпен тексеріп, байқалған ақауларды толық жоюмыз. Негізгі бөлшектердің жөндеу сапасына ерекше назар аударамын. Кесуші аппараттарды жөндегенде күстүмсықтардың, қыяқтардың түзу орналастырылуын және мықты орнатылуын, шалғы шыбықтарының түзу болуын қадағалаймын. Машина толық жөнделіп болғаннан кейін, оны жүргізіп, механизмдерінің жұмыс істеуіне бақылау жасаймын. Шөпке шығар алдында агрегаттың әзірлігін тағы да тексеріп, керекті қосалқы бөлшектерді күнібүрүн әзірлеп аламын.

Пішен шабуға шығар алдында агрегаттың шөп шабатын участоктерімен мұқият танысамын. Шөп шабуға алдын-ала жасалған маршрут бойынша жүргіземін. Бұл машинаның бір участкадан екінші участкаға ауысуына уақытты аз жұмсауы

Бұл уақытта мен машинаны екінші жылдамдықпен жүргіземін. Ал, жұмысты үшінші жылдамдықта істеуде жердің тегістігіне қарай және машина дөңестен ойпатқа қарай жүріп келе жатқанда қолданамын.

Жұмыс үстінде және түскі үзіліс кезінде машинаға техникалық күтім жасаймын. Бұл кезде босаған винттерді бұрап нығайтамын. Тез қозғалатын бөлшектерді, әсіресе, шалғының айдауышпен жалғасқан бөлігін, мотор желдеткішінің кіндігін майлаймын. Двигательдегі майды, бақтағы бензин қорын тексеремін. Шалғыларды ауыстырамын. Түскі үзіліске біз бір сағат уақыт жұмсаймыз. Бешке, жұмыс аяқталғаннан кейін машинаның механизмдерін тағы да байқап тексеремін. Бақке жанар май құямын. Машинаға күнбе-күн жасалатын техникалық күтіммен бірге, алдын-ала жасалған график бойынша техникалық күтім жасалып отырылады.

Бізде шабындық жер көлемі өте үлкен. Бұл шабындықтың участкаға бөлгенде оның ұзындығын бірқарым-екі километрге дейін алуымызға қолайлы жағдай туғызады. Біздің агрегат жұмысты сағаттық график бойынша жүргізеді. Мұны былай ұйымдастырамыз:

Шабындықтың шөбінің қалыңдығын, жердің тегістігін, шөп шабуға қандай жылдамдықта жүргізуге болатынын есепке ала отырып, шабылатын участоктердің ұзындығын, көлденеңін және оны бір айналдыра кететін уақытты есептейміз. Айналған сайын участканың көлемінің кішірейе беруіне байланысты уақыттың да үнемделуін қадағалап отырамыз. Участок шабылып болғаннан кейін оған жұмсалған уақытты есептеп, өткен күнгі осындай көлемдегі жердің шөбін шабуға жұмсалған уақытпен салыстырамыз. Егер уақыттың көбірек жұмсалғаны байқалса, машинаның жылдамдығын ұлғайтамыз. Бірақ, жұмыс сапасының төмендеуіне жол бәрмейміз.

Мәне, жұмысты осылай ұйымдастыру-

рін айтып отудың өзі-ақ жеткілікті. Бүгін ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі—астық шаруашылығын тың және тыңайған жерлер игеру есебінен өркендетуде облысымызда тың жерлердің мол игерілуіне, осыған сәйкес облысымызға өз еріктерімен мыңдаған патриоттардың келуіне байланысты быйылғы жылы облысымызда жаңадан 15 селолық кітапхана, 12 селолық клуб ашылды, бұрынғы 13 оқу үйі клубқа айналдырылды. Үстіміздегі жылдың тек май және июль айларының өзінде ғана аудандар 18 жаңа киноустановка, оның ішінде 7 радиоустановка, сол сияқты, 13 электр станцияларын алды. Ал, кітап қорының жеткілікті дәрежеде бөлінуі быйылғы жылы егіншілер үшін 586 жылжымалы кітапхана ұйымдастыруға мүмкіншілік берді.

Облысымыздағы мәдени-ағарту мекемелеріне көрсетіліп отырған бұл материалдық көмектер олардың жұмыстарының мазмұнын барған сайын жақсарту түсуге мүмкіншілік беріп отыр. Көптеген мәдени-ағарту мекемелері жергілікті партия және совет ұйымдарының басшылығымен кәзіргі кезеңде басты міндет ретінде қойылып отырған ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресінде айтарлықтай табыстарға ие болды. Олар өз жұмыстарының идеялық мазмұнын жақсарту арқылы еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізудің түрлі формаларын кеңінен қолданып, облыс еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттерді орындау жолындағы күресіне келеді үлес қосты.

Мұндай үлгілі мәдени-ағарту мекемелерінің қатарында Преснов ауданындағы Николаев селолық клубын, Полудень ауданындағы Каганович селолық кітапханасын қосуға болады. Бұл мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері СОБП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июль Пленумдарының қарарлары жөнінде, еліміздің ішкі және сыртқы саясаты жөнінде еңбекшілер арасында түсі-

Бұл сияқты түзгісіз жағдайлар Полудень, Совет, Булаев аудандарының мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарында да орын тепкен.

Ауыл-селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелері идеологиялық жұмыстың орталығы болып табылады. Олар азда тұрған міндеттерді аброймен орындау күресінде жергілікті партия және совет ұйымдарының сенімді көмекшісі болуға тиіс. Әсіресе, СОБП Орталық Комитетінің июль Пленумы қаулысында белгіленген егін жыйнау, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау, жемшөптің бөрік қорын жасау жұмыстары кезінде колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын мәдени жағынан қамту, олардың арасында коммунистік тәрбие беру жұмыстарын кең көлемде өрісету ауыл селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің абройлы борышы болып табылады.

Аудандық мәдениет бөлімдері ауыл селодағы мәдени-ағарту мекемелерін мәдени жұмыстардың ішын мәніндегі орталығына айналдыру керек. Оларда демалыс кештерін, оқушылар конференцияларын, концерттер мен кинолар көрсету ісін жүйелі түрде үнемді өткізіп отыру қажет.

Сонымен қатар, аудандық мәдениет бөлімдері ауыл-селодағы мәдени-ағарту мекемелерін арнаулы білімі бар кадрлармен толықтыру мәселесіне баса назар аударуға тиісті. Бұлай болмайынша, бұл салада табысқа жету мүмкін емес.

Облыс еңбекшілерінің алдына қойылып отырған міндеттерді аброймен жүзеге асыруға өз үлестерін қосу—ауыл-селодағы мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің аса зор абройлы борышы. Ал, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарына жергілікті партия, совет ұйымдары тарапынан күнделікті басшылық пен көмек көрсетіліп отыруы қажет. Сөйтіп, олардың жұмыстары СОБП Орталық Комитетінің июль Пленумы мәдени-ағарту мекемелерінің алдына қойған аса жауапты міндетті орындау дәрежесінде болуға тиіс.

## Изабелла Блюмге Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру

9 июльде, Кремльдің Свердлов залында Халықаралық Сталиндік сыйлықтар жөніндегі Комитеттің мүшесі Илья Эренбург Бельгияның аса көрнекті қоғам қайраткері, парламенттің депутаты Изабелла Блюмге «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырды. Сыйлық тапсыру салтанатында совет мәдениеті мен искусствосының қайраткерлері, Москва еңбекшілері мен әртүрлі қоғам ұйымдарының өкілдері болды.

Изабелла Блюмге Халықаралық Сталиндік сыйлық лауреатының дипломы мен алтын медалін тапсырып, Илья Эренбург Изабелла Блюмнің бейбітшілік жолындағы, халықтар достығын нығайту жолындағы көп жылдан бергі зор күресін сипаттап берді. Ол лауреатты жоғары наградасымен шын жүректен құттықтап, ха-

лықтардың игілігі үшін, адамзаттың бақыты үшін ізгі ниетті жұмысында жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдірді.

ССРО Архитектура академиясының президенті А. Г. Мордвинов, совет әйелдерінің Антифашистік комитетінің мүшесі З. Н. Гагарина, Мәскеудің М. И. Калинин атындағы жүн иіру фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінен—С. А. Котова және совет мәдениеті қайраткерлерінің атынан—ССРО халық артисі М. И. Царев жылы шыраймен құттықтап сөз сөйледі. Олар Изабелла Блюмге Халықаралық Сталиндік сыйлық берілгені туралы хабарды совет адамдарының терең қанағаттанған сезіммен қарсы алғанын атап көрсетті.

Изабелла Блюмнің жауап сөзі зор ықпалмен тыңдалды.

атындағы колхозда жұмыс істеуші механизаторлар біржарым, екі жылдық жемшөп қорын жасау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, шөп дайындаудың қарқынын күн санап арттырды.

Тіркемелі 6 кеңалымды машинамен шөп шабушы Қалметдинов, Қожантаев, тракторшы Ахметов жолдастар күніне 45 гектардың орнына, 60 гектар жердің ішінен шауып жүр. Олар 6 күннің ішінде 400 гектарға жуық жердің ішінен шапты, бұл табысқа машиналарды өте мұқият күтудің, оның механизмдерін уақтылы қарап, майлап отырудың нәтижесінде жетісті. Сол сияқты, трактор тыр-

тракторшы Назаров жолдастар да шабылған шөпті жыйнауға күнделік тапсырмаларын 105-110 процент орындауда. 60 жастағы қарт колхозшы Садуақасов және Қойшыбеков жолдастар күніне 7-8 мая үшін, тапсырмаларын екі есеге жуық орындап жүр.

Колхоз председатели Тоқтамысов жолдас, бізде шабындық жер мол, әрі шөп шығымы да жақсы, техника жеткілікті. Мұның өзі быйыл 2 жылдық жемшөп қорын жасауымызға мүмкіндік береді, дейді.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН.**  
(Өз тілшіміз).

# Советтік Қазақстанда

## Орта мектепті бітіріп шыққандар өндіріске баруда



Республикадағы ең жас МТС-тердің бірі—Талғар МТС-нің монтажшылары жуырда Алматы облысының Сталин атындағы колхозында мал шаруашылығы өндірісін толық механикаландырып болды.

СУРЕТТЕ: колхоздың жемшөп әзірлейтін цехы.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Тың жерлер туралы картиналар

Қазақстанның көптеген суретшілері тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарда творчестволық командировкаларда болды. Көзір олар совет патриоттарының жауынгерлік жұмыс күнін бейнелейтін суреттерді салуда жұмыс істейді. Суретші Ажиев «Патриот-еріктілер аудандық комсомол комитетінде» деген тақырыпта картина жазып жатыр, суретші Быстров және Фролова үлкен полотноға «Тың жерлерде» және «Алғашқы бороздалар» деген суреттерді салуда. Республиканың 15-ке жуық суретшісі тың игеруге арналған шығармалар жазу жолында еңбек етуде.

ТЕКЕЛІ, (ҚазТАГ). Полиметалл комбинатының кадр даярлау бөліміне өндірісте еңбек етуге тілейтін, орта мектептерді бітіріп шыққан жастардан көптеген арыздар түсіп жатыр. Комсомолка Галина Кривцова лабораторияда жұмыс істеуге ұйғарды. Бұрынғы оныншы кластықтар Василий Бессонов және Николай Волчановский көзін өзіне өндірісте жұмыс істеп жүр. Олар жұмысты мектептегі оқумен ұштастыра отырып, жаңа мамандық алды. Жас жұмысшылар өндірістен қол үзбей сырттан оқу арқылы жоғары білім алуды ұйғарды.

Комбинат цехтарында көмелеттік аттестатпен көптеген қыздар және жігіттер

жұмыс істейді. Комсомолец Демьян Королев 1951 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін лабораторияға үйренуші болып кірді. Талапты жас жігіт мамандық жетілдіру курсына жіберілді. Оныншы кластық Зина Григорьева лабораторияға бір жыл кейін келді. Кәзір ол—аға лаборантка. Орта мектепті бытыр бітіріп шыққан Николай Зюбин төкарь мамандығын игерді.

Ондаған орта мектепті бітіріп шыққандар рудникте, байыту фабрикасында, орталық жылу электр станциясында жұмыс істейді. Олар өндіріс озаттары болып саналады, көпшілігі еліміздің жоғары оқу орындарында сырттан оқыйды.

## Облыс орталығындағы жаңа құрылыстар

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Жетісу ауданының орталығында орта мектеп, кинотеатр, балалар бақшасының үйлері, қонақ үй, монша салынып жатыр. Қаладағы көптеген кәсіпорындары кеңейтіледі және қайта құрылады. Жаңа орталық жылу электр станциясы таяуда алғаш рет төк береді, қайта құрылған сыра заводының қуаты 3 есеге жуық артады. «Облводстройдың», «Союзгазотранстың» жаңа жөндеу-механикалық мастерскойларының, ондаған складтар мен қоймалардың ірпесі қаланды.

Көшелерді көркейтуге, қалаландыруға

## А. П. Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толуы қарсаңында

ЖАМБЫЛ, (ҚазТАГ). Шу ауданындағы «Мойын құм» колхозының Мәдениет үйінде А. П. Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналған кеш өткізілді. Оқытушы Күләш Қашқынбаева жыйналғандар алдында орыстың ұлы жазушысының өмірі мен творчествосы туралы баяндама жасады. Механик Молчанов, қызыл-шашылар бригадасының бригадирі Игісінов, «Қалыңдық», «Ат тектес фамилия», «Бақыт» әңгімелерін оқып берді.

Сарысу ауданындағы «Үш бас» колхозының кітапханасында жазушының шы-

және жөндеуге миллион сомға жуық қаржы жұмсау қарастырылып отыр.

Тұрғын үй құрылысы өріс алды. Таяудағы күндерде Октябрь көшесінде 18 пәтерлі жаңа тұрғын үй салына бастады. Осы сияқты, тағы да екі үй салу үшін алаң іріктен алынды. Май өндіру өнеркәсібі жұмысшылары үшін 8 пәтерлі жаңа 3 үй, басқа ведомстволарға бұдан шағындау ондаған үйлер салынауда. Бйылы қалада күрделі құрылысқа 10 миллион сомға жуық қаржы жұмсалады—бұл өткен жылдан бері үш есеге жуық артық.

қармаларынан көрме ұйымдастырылған, кітап оқушылар конференциялары өткізілуде. Байқадам МТС-нің зоотехнигі Әділбеков жайылымдарғы малшылар үшін А. П. Чехов—көркемөздің шебері» деген лекция оқыды.


Қаратау тау-химия комбинатының Мерке қант заводының қала теміржол торабының клубтарының көркемөнершілер коллективтері жазушының қайтыс болғанына 50 жыл толуы күніне Чеховтың спектакльдерін дайындауда.

дың нәтижесінде мен облыс шөп шабуының бірінші он күні ішінде 500 гектарға жуық шабындықтың шөпін шаптым. Бұл күніне 30 гектардың орнына, 40-46 гектар жердің шөбі шабылды деген сөз.

Мен еңбек өнімділігін арттырудың озат әдістерін өз ісіме кеңінен қолдана отырып, бйылы өзім жұмыс істеп жүрген «Булақ» колхозында 1600 гектар жердің шөпін шабатын боламын. Сөйтіп, колхоздың қоғамдық мал шаруашылығының онан әрі өркендей беруіне өз үлесімді қосамын.

**П. ӘУБӘКІРОВ.**

Ленин ауданы, Куйбышев атындағы МТС-тің өздігінен жүретін «МС-10» машинасының машинисі.



Алматының № 8 байланыс-қолөнер училищесінің оқушылары Алматы радио хабарларын тарату сетінің аға нұсқаушысы, Смольныйдағы революция штабының бұрынғы байланысшысы коммунист Алексей Петрович Гуриямен кездесті.

СУРЕТТЕ: А. П. Гурияның училище оқушыларымен әңгімелесіп тұрған кезі. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Оқытушылар кітапханасында

ШЫМКЕНТ, (ҚазТАГ). Оқытушылардың білімін жетілдіру институтының кітапханасында Фуюзовтың «Абай» романы бойынша кітап оқушылар конференциясы болып өтті.

Кәзір кітапхана жұмысы ерекше жалдануда. Оқытушыларды қайта даярлайтын курстарға және оқытушылар институтының сырттан оқу бөліміне жазғы сессияға келген облыстың жүздеген оқытушылары мұнда әртүрлі әдебиеттермен пайдалануда.

Кітапхананың кітап қоры үздіксіз толықтырылуда. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ол 10 мың сомның методикалық, саяси және көркем әдебиеттерін сатып алды.

# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Үгітші пішеншілерге келді

Оқу үйінің медресешісі, үгітші Дедов жолдас күндіз колхоз басшыларымен сөйлесіп, кезекті әңгімеге әзірленді. Ол СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы жарияланған газеттер мен бірнеше көркем әдебиет кітаптарын алып, бөшке жақын шөп шабуға жұмыс істеп жүрген Королев жолдасын трактор бригадасындағы механизаторлар мен колхозшылардың мәдени қосына келді.

Жұмыс күні аяқталғаннан кейін үгітші пішеншілермен партиямыздың Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы жөнінде әңгіме өткізді. Ол механизаторлар мен колхозшыларға партия алға қойып отырған міндеттерді, егін жыйнау маусымы басталғанға дейін мал азығын дайындауды толық қамтамасыз ету жөніндегі міндетті түсіндірді. Мұнан кейін үгітші бригаданың бескүндік жұмысының нәтижесін баяндады. Ол өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі Понтелеев жолдасын бескүндік тапсырманы 111 процент орындағанын хабарлады.

Сөйтіп, үгітші Понтелеев жолдас өзіндік жұмыс тәжірибесін ортаға салуды өтініді. Таңдаулы машинист машинаға кезінде техникалық күтім жасайтынын, оның шалғыларын мұқият қайрайтынын және шөптің қою-сұйықтығына қарай машинаны жүргізетінін айтты. Понтелеев жолдас күн сайын 30 гектардың орнына 40-45 гектар жердің шөбін шабуға, сөйтіп, социалистік жарыста қабылдаған міндеттемесін аброймен орындауды бүгін таңдағы басты міндет етіп қойып отыр.

Үгітші Понтелеев жолдасын еңбектегі үлгісін қуаттай келіп, шөп маялауда жүрген жолдастардың жұмыстары туралы айтты. А. Берников, В. Шатохин жолдастар шөп маялауда күндік жұмыс нормаларын 120 процент орындап жүр. Олар еңбеккүндеріне қосымша ақы үшін көзірдің өзінде 25-35 центнерден шөп алды.

Әңгімеге трактор бригадасының бригадирі Королев, пішеншілер бригадасының бригадирі М. Берников, шөп маялайтын звеноның бастығы Колованов және басқалары белсене қатынасты. Пішеншілер егін жыйнау маусымы басталғанға дейін 17 мың центнер шөп шабуға серт берді. Бұл— жоспардан анағұрлым артық. Пішеншілердің өз міндеттемелерін аброймен орындайтынына сенім зор. Өйткені, олар соңғы күндердің ішінде 480 гектар жердің шөбін шауып, оған 3 мың центнерден астам өнім жыйнады. Пішеншілер шабылған шөпті қыстау маңына тасу жұмысын да ойдағыдай ұйымдастыруда.

Пішеншілер үгітшіден ендігі кезекті әңгімені елімізде атом қуатымен жұмыс істейтін электр станциясы туралы өткізуді сұрады. Дедов жолдас олардың тілегін орындайтын болды.

Әңгімеден кейін үгітші жауынгерлік

## Саяси жұмыстың нәтижелері

Петропавл ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы партия ұйымы Колхозшы шаруалар арасындағы саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырып келеді. Мұнда үгіт коллективінің құрамында 11 адам бар. Олардың бәрі де саяси жұмысты ұйымдастыруда тәжірибелері мол, сауатты коммунистер мен комсомолецтер және партияда жоқ активтер.

Колхоз партия ұйымы СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы жарияланғаннан кейін үгітшілердің үй-қау-семинарларын өткізді. Онда колхоз председатели Ляшевич жолдас «СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы және колхозшы шаруалардың алдында тұрған айбынды міндеттер туралы» баяндады. Колхоз партия ұйымының секретары Ушаков жолдас бұқаралық-саяси жұмыстың түрлері мен әдістері жөнінде айтты. Семинарда үгітшілер Игнатьев және Шведов жолдастар өздерінің жұмыс тәжірибелерін ортаға салды.

Семинардан кейін үгітшілер колхозшы шаруалар арасында СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын насихаттауға қызу кірісті. Олардың әрқайсысы колхозшылармен өткізген әңгімелерін шаруашылық міндеттердің орындалуымен тығыз байланыстырып отырады. Бұл жөнінде үгітші Игнатьев жолдасын пішеншілермен өткізген соңғы бір әңгімесін мысалға алуға болады.

Ол әңгімесін пішеншілердің көз басындағы көрсеткіш тақтасына жазылған бір-күндік жұмыс нәтижесінен бастады. Тракторшы Ченцов бір сменада 27 гектар шөп шауып, тапсырманы 135 процент орындаған. Басқа механизаторлардың да көрсеткіштері жаман емес.

—Бүгінгі еңбек көрсеткіштеріміз жақсы екен, —деді үгітші Игнатьев жолдас. —Мал қораларына шөп тасуда жұмыс істеп жүрген колхозшылар да социалистік міндеттемелерін аброймен орындауда. Мәселен, кеше бір пар көлікпен колхозшы Баянов 28 центнердің орнына 37 центнер шөп тасып, мал базасының жанына үйді. Мұнан кейін үгітші июнь Пленумы-

ның қаулысын мұлтіксіз жүзеге асыру үшін еңбек өнімділігін еселеп арттыра берудің қажеттігін айтты. Ол социалистік жарыста артта қалып отырған механизаторлар мен колхозшылар жөнінде көпшілік пікірін ұйымдастырды. Колхозшы Баянов пішеншілердің әрқайсысы социалистік міндеттемелерін толық және асыра орындайтын болса, мал азығын дайындаудың қарқыны анағұрлым күшейетінін айтты. Ол күнделік жұмыс нормаларын орындай алмай отырған Рейкин және Клям сияқты механизаторлар мен колхозшыларды сынады.

Әңгіменің соңында пішеншілер №2 бригада бойынша колхозшылардың жыйналысын өткізуді қажет деп тапты. Үгітші олардың тілегін колхоз басқармасына жеткізді.

Ертеңіне №2 бригадада колхозшылардың жалпы жыйналысы өтті. Онда колхозшы шаруалар мал азығын дайындау мақсатына барлық мүмкіншіліктерді пайдалану жөнінде ұсыныстар жасады. Асанов МТС-і мен колхоз басқармасының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді сынады. Колхозшы шаруалар егін жыйнау маусымы басталғанға дейін мал азығын толық дайындауды ұйғарды.

Құрылыс бригадасындағы Ткаченко, огород бригадасындағы Мецанкин және басқа үгітшілер де бұл күндері колхозшы шаруаларға СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын терең түсіндіріп, оларды еңбек өнімділігін еселеп арттыру жолындағы күреске жұмылдыруда.

Колхоз егінді күту, мал азығын дайындау, құрылыс жұмыстарын ұйымдастыруда ауданда алдыңғы шаруашылықтардың бірінен саналады. Бұл табыстарға не болуда бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырып отырған партия ұйымының үлесі мол.

**Г. АБРОСИМОВ,**

ҚКП аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің медресешісі.

## Бұқаралық-саяси жұмысты жете бағаламайды

«Путь социализма» колхозы Ново-Георгиев МТС-і аймағындағы шаруашылығы артта қалған колхоздардың бірінен саналады. Ол мал қыстау маусымын көптеген қиыншылықтармен өткізді. Көктемгі егісті ұзаққа созды. Көзір колхозда нар жұрту және мал азығын дайындау жұмыстарының қарқыны мүлде баяу болып отыр.

Шаруашылық жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуінің басты себептерінің

Осы сияқты, мал өсірушілер арасындағы саяси жұмыстың дәрежесі де төмен болып отыр. Мәселен, үгітші Шумакова жолдас мал өсірушілермен өткізген әңгімелерін олардың алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстырмайды. Сондықтан оның әңгімесінің мал өсірушілерге әсері кем болып жүр. Фермалардағы көрсеткіш тақталарына мал өсірушілердің социалистік жарысының нәтижелері жазылмайды. Сол сияқты, фермаларда шығатын жауынгерлік дивизиондардың маңу-



Ростов облысы. Үстіміздегі жылғы 15 июльде орыстың ұлы жазушысы А. П. Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толады.

Бұл күндері А. П. Чехов туған үйге көптеген келушілерді көруге болады. Май және июнь айларының өзінде ғана бұл үйге мыңнан астам экскурсанттар келді.

СУРЕТТЕ: Таганрогтағы А. П. Чехов туған және балалық шағын өткізген үй. (СОТА-ның фотохроникасы).

## Н. А. Морозовты еске түсіру

ЩЕРБАКОВ, 9 июль. (СОТА). Революционер, оқымысты, жазушы, ССРО Ғылым академиясының құрметті мүшесі Н. А. Морозов кәзіргі Рыбинск теңізінің жағасындағы Борок дейтін жерде туған. Ол осында жерленген.

Борокта Н. А. Морозовтың музей-үйі ашылған және биологиялық ғылыми-зерттеу станциясы құрылған. Кеше осы станцияның ғылыми советінің Н. А. Морозовтың туғанына 100 жыл толуына арналған мәжілісі болды. Мәжіліске Москвадан, Ленинградтың, Ярославльдің өкілдері қатысты. География ғылымының докторы И. Д. Папанян баяндама жасады. Н. А. Морозовтың моласында ескерткіш ашылды.

## Н. А. Морозовтың туғанының 100 жылдығы

АЛМАТЫ, 9 июль. (СОТА). Бүгін Қазақ ССР Ғылым академиясында ССРО Ғылым академиясының құрметті мүшесі, оқымысты-революционер, шжиссербүткіс Н. А. Морозовтың туғанына 100 жыл толуына арналған жыйналыс болды.

Н. А. Морозовтың өмірі мен қызметі туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының

## Петропавл қаласындағы жол құрылысы туралы

Петропавл қаласында жол құрылысын жақсартуға жете көңіл бөлінбей-ақ келеді. Қаладағы барлық көшелердің 24 километріне тас, 17 километріне қоқыс төселген, ал қалған 109 километр жолдың шаңы аспанға шығады.

Қала транспорты жол құрылысының нашарлығынан көптеген шығындарға ұшырауда, көптеген машиналар қыйрауда. Олай болса желді күндері қара борандататын 109 километр жолға тезінен тас және қоқыс төсеу керек екендігі өзінен өзі түсінікті.

Тас төселмеген жолдардың құрылысын бірден аяқтауға мүмкіншілік жоқ, дегенмен, көшелердің негізгі магистралын автомашиналар тоқтаусыз жүретін ауданға айналдыру тағу жылдардағы міндеттер болып табылады.

Қалада жол құрылысымен кім айналысу керек? Көптеген адамдар жол құрылысымен қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімі айналысуға тиіс деп жауап беруі мүмкін. Бұл солай және қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімі жол құрылысымен айналысуға міндетті де. Бірақ, барлық жолдарға тас және қоқыс төсеу жалағыз қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің қолынан келмейтіндігін де есепке алу қажет. Көшелерге тас және қоқыс төсеу жұмысымен қаладағы кәсіпорындары да айналысуға тиіс, өйткені, заводтар мен кейбір кәсіпорындарына көшелерге тас және қоқыс төсеу үшін арнаулы қаражат беріліп отыр.

Заводтар мен кәсіпорындары жүргізуге тиіс жол құрылысының барысы қалай? Мәселен, Киров, Колхоз көшелерінің арасындағы 1 километр жерге тас төсеу жұмысы 1952 жылы басталғанына қарамастан әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Тас төсеу жұмысының бітпегеніне қарамастан бұл арадан машиналар үздіксіз жүріп жатыр. Осының нәтижесінде аяқталмаған жұмыстың өзі бүліне түсуде. Сол сияқты, Каманин көшесі бойынша өтетін жолдардың қайта төселу жұмысы аяқталған жоқ және тындырылған жұмыстың сапасы нашар. Өткен жылы қазылған жерлер тегістелмеген, жол ернеулеріндегі тастар қыйрап бүлінуде.

Қызыл ту және Сталин атындағы көшелер арасындағы тас төселіп жатқан құрылыстың орындалу сапасы жақсы, бірақ, жолдың әр жеріндегі қазылған жерлер әлі тегістелмеген, тастар арасына құм төгілмеген. Осыған қарамастан машиналар жүрісі басталып, жолды бүлдіруде және машиналар донғалағының өздері де қыйрауда.

1954 жылдың ішінде қалада 12 километр жерге тас және қоқыс төселуге тиіс. Қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімі осы құрылысқа керекті тас пен құмды құрылыстың қажетті аудандарына жеткізіп үйіп, өндірістік жұмыстардың графигін жасады. Көзіргі уақытта Қарл Маркс, Пушкин, Коминтерн көшелерінде, 1,2 километр жолға тас төселді.

көңіл бөлмейді. Мәселен, Микоян атындағы ет-консерві комбинаты жол құрылысына керекті материалдың 50-ақ процентін дайындады. Жұмысшы кадрлары жеткіліксіз және бірде-бір шаршы метр жолға тас төселген жоқ.

Папанян көшесінің аяғындағы салынып жатқан жол құрылысы үшін 100 текшеметр тас, 300 текшеметр құм бөлінді. Құрылыс жұмысын Сәрсенбаев жолдас бастаған 3 кісіден құралған жол төсеушілер бригадасы жүргізуде. Бірақ, мұндай адам санымен 7 километрлік жолды 1954 жылдың қалған жартысында бітіру өте қиынға соғады.

Көшелерге тастың төселу сапасы ойдағыдай емес, егер бұл жөніндегі кемшіліктерді жоюға тезірек шара қолданылмаса, онда тас төселген жолдар өзінің тегістік әлпетінен айырылып, ойдым-ойдым шұқанақтарға айналуы мүмкін.

Салынып жатқан жолдың сапасына көңіл аударуға және оның сапасын бақылауға міндетті мекемелердің бірі—архитектура істері жөніндегі бөлім болып табылады. Бірақ, өкінішті нәрсе сол, архитектура бөліміндегі жолдастар жолдың сапасын бақылау түгіл жолдың қайда салынып жатқанын және қалай салынып жатқанын да білмейді. Олар тек жол салынып жатыр деген жалпылама мәліметке ғана қанағаттанулы.

Қалада жол құрылысына қалалық Совет атқару комитеті тарапынан да жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Қалалық Советтің басшылары заводтар мен кейбір кәсіпорындарының басшыларынан өздеріне бөлінген участокте жол құрылысын тез аяқтауды талап ете білмейді, жол құрылысы жөнінде қабылданған қалалық Совет қаулысының орындалуының барысын бақылай білмейді. Мәселен, Микоян атындағы ет-консерві комбинаты салуға тиіс жол бөлегін қалалық жол құрылысы мекемесіне тапсырды. Ал, осының нәтижесінде қалалық коммуналдық шаруашылық жұмысшылары жүргізіп жатқан жерлерде жол құрылысы мүлдем тоқталды.

Жол құрылысы жөніндегі жоспардың үнемі орындалмау себебі неде? Оның себебі қаладағы кәсіпорындарының басшылары жол құрылысымен, қаланы көркейтуді жұмысымен айналысқысы келмейді, оны көңіл аударуға тұрарлық жұмыс деп есептемейді, ал қалалық Советтің басшылары шаруашылық мекемелерінің басшыларынан жол құрылысының жоспарын сөзсіз орындауды талап етпейді. Қалада жол құрылысын ойдағыдай жүргізу үшін қаражат жеткілікті бөлінген, тас, құм, қоқыс сияқты құрылыс материалдары жеткілікті. Мәселен осы материалдарды ұқыпты пайдалануда, кәсіпорындарының басшыларынан өздеріне бекітіліп берілген участокте жол құрылысын орындау жоспарын мерзімінде аяқтауды талап етуге болып отыр.

**М. ӘЙТЕНОВ,**

листоткі кезекті номерін шығаруға көмектесті. Онда Понгелеев, А. Берников сыяқты озат пішеншілердің жұмыс тапшылықтары жазылды. № 1 және № 2 пішеншілер бригадасының арасындағы социалистік жарыстың бескүндік нәтижесі жазылған. Өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі Породлев жолдастың бір маусымда 1800 гектар жердің шөбін шабу жөніндегі мақаласы жарияланды. Ол соңғы екі күнде 87 гектар шөп шапқан.

Сонымен қатар Дедов жолдас кітап оқушыларға көркем әдебиет және басқа кітаптарды ауыстырып берді. Механизаторлар мен колхозшылар кітапты өздерінің рухани азығы деп біледі. Шөп науқаны басталғаннан бері олардың әрқайсысы екі-үш кітаптан оқыды.

Үгітші Дедов жолдас пішеншілер арасында осылай жұмыс істейді.

**В. СКИБСКИЙ,**

Преснов ауданы, «Победа» колхозы.

бірінші кезекті номерін шығаруға көмектесті. Онда Понгелеев, А. Берников сыяқты озат пішеншілердің жұмыс тапшылықтары жазылды. № 1 және № 2 пішеншілер бригадасының арасындағы социалистік жарыстың бескүндік нәтижесі жазылған. Өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі Породлев жолдастың бір маусымда 1800 гектар жердің шөбін шабу жөніндегі мақаласы жарияланды. Ол соңғы екі күнде 87 гектар шөп шапқан.

Үгітшілер тобының құрамында 13 адам бар. Олардың бесеуі коммунист, үшеуі комсомолец. Бұл — зор күш. Бірақ, амал не, үгітшілердің көпшілігі колхозшылар арасында әңгіме өткізу, дауыстап газет оқу және басқа жұмыстарды ұмыт қалдырған. Үгітшілер Дедова, Дьяченко көктемгі дала жұмыстары аяқталғалы егіс бригадаларында бірде-бір рет болған емес. Ал, үгітші Киев, Беденев, Кузнецов жолдастар бригадаларда оқта-текте ғана болады.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**

Полудень ауданы,  
(Өз тілшіміз).

ны төмен болып келеді. Оның соңғы бір номерінде «Сауыншылар әрбір сауын сығардан 1300 литрден сүт алуы керек» деп жазылған. Ал, шынында колхоз бойынша орта есеппен әр бір сауын сығардан 1600 литр сүт сауылуға тиіс. Мұның өзі үгітші Шумакова жолдастың колхоз өмірін жете білмейтінігін көрсетеді.

Партиямыздың Орталық Комитетінің июнь Пленумы ауылшаруашылық қызметкерлерінің айбынды міндеттерін белгілеп берді. Колхоз партия ұйымы, оның секретары Журавлев жолдас бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырып, оның шаруашылық міндеттермен байланысты жүргізілуіне жетісуге тиіс. Осылай болған күнде ғана колхозшы шаруалардың егінді күту, шөп шабу, егін жайлауға өзіндік кезіндегі социалистік жарысын пәрменді ұйымдастыруға болады.

**Полудень ауданы,  
(Өз тілшіміз).**

мүше-корреспонденті М. И. Усанович баяндама жасады. ССРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Г. А. Тихов өзінің есте қалғандары және Н. А. Морозовпен бірге жұмыс істегендігі туралы айтты.

### Белоруссия астанасындағы жаңа құрылыстар

МИНСК, 9 июль. (СОТА). Минскіде мәдени құрылыс жөнінде үлкен жұмыстар өріс алды. Қаланың орталығында 500 адамдық концерт залы бар консерватория үйінің құрылысы басталды. Быйылғы жылы қаланың ең көрікті үйлерінің бірі — көркем музейдің құрылысы аяқталады.

Полиграфиялық комбинат қаладағы ірі жаңа құрылыстардың бірі болып табылады. Комбинат 1955 жылы пайдалануға беріледі.

Кәсіподақтар Мәдениет Сарайының да құрылысы аяқталып келеді.

Минскіде мәдени мекемелері үйлерінің құрылысы үшін өткен жылыдан ондаған миллион сом қаржы артық жұмсалуда.

Бірақ кейбір кәсіпорындары қала кешелеріне тас төсеу жұмысына жеткілікті

### Тағы да жергілікті өнеркәсіп товарларының сапасы туралы

Жергілікті өнеркәсіп орындары халық тұтынатын товарлармен бірге шаруашылық товарларын да шығарады. Алайда, бұл товарлардың сапасы бүгінгі күннің талабына сәйкес емес. Мәселен, Петропавл шойын құю-таразы заводы шығарған бочкалардың сапасы нашар. Осы завод жасап шығарған бочкаларға құйылған зат ағып кететін болғандықтан олар кәзір облыстық тұтынушылар одағының базасында өтпей жатыр.

Сол сыяқты, Ысов жолдас директор болып істейтін мебель-жегу әбзелдерін жасайтын комбинатта бұйымның сапасы қанағаттанғысыз. Комбинат жасаған жөнікті столдың өңделуі нашар, оған салған тақталар өте жұқа.

«Қазақстанның 10 жылдығы» атындағы кәсіпшілік артелі жасап шығарған қамыттар сана жағынан да, мөл-

Қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас бухгалтері.

шері жағынан да шаруашылықтың қажетін толық өтей алмай отыр. Қамыттың сыртын қаптаған былғарының сапасы төмен, жамау-жасқауы көп. Бұл қамыттарды атқа қиязу қыйын, өйткені, олар өте тар. Осыған қарамастан бұл қамыттарды артель басшылары бірінші сортқа өткізіп, оған 144 сом баға қойған. Қамыт сапасының нашар болу себептерін артельдің ақау шығарушысы Гусов жолдас аңғарсақ, ол қамыттар арық аттарға арналып істелген еді деген қыйсыныз жауап береді.

Қаладағы басқа да кәсіпшілік артельдері шығаратын өнімдер сапасы әлі де болса қанағаттанғысыз. Сондықтан артельдер жұмысына басшылықты күшейтіп, өнім сапасын бақылауға алу қажет.

**Х. СУТЮШЕВ.**

## Петропавлдықтар бүкілхалықтық іске келелі үлес қосуда

СОКП Орталық Комитеті сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулыларын жүзеге асыруда социалистік қала және оның жоғары мәдениетті индустриалы өнеркәсібі, жұмысшы табы зор роль атқаратыны мәлім. Бүкіл еліміздегі сыяқты Петропавл қаласының еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет үкметінің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі шараларын зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Өйткені, партия мен үкметіміздің шараларында халықтың игі мақсаты бейнеленген.

Қала партия ұйымы еңбекшілердің арасында СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының және Қазақстан Компартиясы VII съезінің қаулыларын түсіндіру жөнінде бірқатар бұқаралық-саяси жұмыс жүргізді. Қалалық комитеттің пленумында, бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстарында, сондай-ақ, жұмысшылар мен қызметшілердің жыйналыстарында СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы талқыланып, ауыл-селоға көмек көрсетудің нақтылы шаралары белгіленді.

Қаланың партия ұйымы мен еңбекшілері өздерінің сөздерін берік ұстап, ауыл-селоға қажетті көмектің бәрін жасауда. Мұндай көмектің бірі — өнеркәсіп, транспорт орындары мен құрылыс ұйымдарының МТС-тер мен колхоздарды қамқорлыққа алуы болып табылады. Өткен жылдың күзінде-ақ өнеркәсіп орындарында жұмыс істеп жүрген ауылшаруашылық мамандарына, мұнан соң инженерлер мен техниктерден қалалық партия комитетіне өздерін ауыл шаруашылығына тұрақты жұмысқа жіберу жөнінде жүздеген өтініштер түсті. Олардың патриоттық тілектері қанағаттандырылды да. Сөйтіп, көктемгі дала жұмыстары басталғанға дейін ауыл шаруашылығына 29 инженер-механик, 42 техник-механик, 16 агроном, 17 зоотехник, 24 комбайншы, 356 тракторшы, 161 токарлар мен слесарьлар және басқа мамандықтағы 203 адам, барлығы 1012 адам жіберілді.

**И. ПОЛИПОВ,**  
КНП қалалық комитетінің секретары

Ауыл-селоға барғандардың ішінен 7 адам машина-трактор станцияларының директорлары, 21 адам машина-трактор мастерскойларының меңгерушілері мен бас механиктер болып жұмыс істейді. Олардың бәрі де өздеріне тапсырылған жұмысты аброймен атқаруда.

Мәселен, Петропавл паровоз депосынан барған, кәзір Полудень МТС-нің директоры болып қызмет істейтін коммунист Лосев жолдас аз уақыттың ішінде станцияның жұмысына істі біле басшылық жасау дәрежесіне дейін көтерілді. Осы сыяқты, Суворов МТС-нің директоры Верткин жолдас станцияның көктемгі егісті және шар жыртыуды қысқа мерзімде бітізіуін қамтамасыз етті.

Үстіміздегі жылы январь айында паровоз депосының комсомолецтері мен жастары колхоздар мен совхоздарда тракторшы болып жұмыс істеу жөнінде тілек білдіріп, облыстық барлық жастарына үндеу жазды. Жас паровозшылардың үндеуін қала жастары қызу қабылдады. Олардың бастамасы бойынша қаланың 300-ден астам жастары қысты күні механизаторлар даярлайтын курстарда оқып, көктемде колхоздар мен совхоздарда тракторшы болып жұмыс істеді.

Сонымен қатар, қала партия ұйымы селолық жерлерге басшы партия қызметіне 17 коммунист жіберді. Кәзір олардың ішінен 14 адам МТС партия ұйымының секретарына, 3 адам аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары болып қызмет істеуде.

Өнеркәсіп, транспорт орындары және басқа ұйымдар ауыл-селоға адамдарды көптеп жіберумен бірге ауыл шаруашылығына материалдық-техникалық көмекті жақсартуға түседі. СОКП Орталық Комитеті

ті сентябрь Пленумының қаулысы жарияланған уақыттан бергі жерде МТС-тер мен колхоздарға 2 миллион сомнан астам мөлшерде материалдық және техникалық көмек жасалды. Тек қана трактор бригадалары мен колхоздардың ұста дүкендері үшін 6 мың сомның түрлі құралдары жасалып берілді.

Петропавл паровоз депосы өзінің қамқорлыққа алған Полудень МТС-іне токарлық станок және 70 комплекті құрал-саймандар даярлап берді. Кәзір депс МТС-тің жөндеу мастерскойын бу күшімен жылыту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға кірісті. Ол МТС-ке мал азығын буландыратын 50 машина және мал қоралары үшін аспап жолдар әзірлеп бермек.

Шойын құю-таразы заводы 500 жылжымалы кухня, трактор бригадалары үшін 1700 темір бөкшелер, 15 цистерна, 7900-ден астам кроваттар жасап шығаруға кірісті.

Осы сыяқты, шағын двигательдер заводы да колхоздар мен совхоздарға материалдық-техникалық жағынан жақсы көмектесуде. Завод өзінің қамқорлыққа алған Сартмар МТС-і мен оның қамтуындағы колхоздарға токарлық станокті, 4 автомашина, 9 двигатель және басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеп беріп, 70 мың сом мөлшерінде материалдық-техникалық көмек көрсетті. Бұл заводтың жұмысшылары бағалы инициатива көрсетті. Олар үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында облыс колхоздары үшін жоспардан тыс 400 мотор жасап шығаруға міндеттенді. Завод жұмысшылары міндеттемелерін аброймен орындауда. Кәзірдің өзінде олар Д—6 және Д—12 308 двигательді әзірледі.

Петропавл қаласының кәсіпшілік артельдері үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға 6.920 мың сомның тігуді кпімдері мен төсек-орындар, ыдыяқтар және басқа үй шаруашылығына қажетті заттарды жіберді.

Қаланың құрылыс ұйымдары быйылдың өзінде МТС-тер мен колхоздарда 10 миллион сомның құрылыс жұмыстарын жүргізуге тиіс. Бұл мәселе қалалық партия комитетінің бюро мәжілісі мен пленумында талқыланды. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап бірқатар кәсіпорындары МТС-терде жаңа жөндеу мастерскойларын салу жұмысын қызу қолға алды. Мәселен, монтаж-құрылыс мекемесі Асанов МТС-інде жаңадан жөндеу мастерскойын, тракторлар мен комбайндар тұрағын екі гараж, электр станциясын, 100 адамдық жатақхана және басқа құрылыстар салмақ. Бұл құрылыстарды жүзеге асыру жөнінде кәзірдің өзінде бірқатар жұмыстар жүргізілді. МТС-тің жөндеу мастерскойының іргесі қаланып, төбесі жабылды. Осы сыяқты, гараждар мен жатақхананың құрылыстары да қызу жүргізілуде.

Монтаж-құрылыс мекемесі Октябрь ауданында жаңадан ұйымдастырылған Москворець совхозында жаңадан пәтер үйлер салу, Петропавл ауданындағы «Красный пахарь» колхозында 300 бас шошқа сыятын қора салуға кірісті.

Омек темір жолының № 2 құрылыс участогі Булаев және Калинин атындағы МТС-терде жаңадан жөндеу мастерскойларын салуда. Сонымен қатар, бұл станцияларда жоғарыда аталған құрылыс ұйымының күшімен механизаторлар үшін бірнеше тұрғын үйлер салынады.

Қала кәсіпорындары қала еңбекшілерін овецьпен қамтамасыз ету жөнінде де колхоздарға игілікті көмек көрсетуде. Бұл жөнінде мынадай бір мысалды айта кетуге болады: қаланың бірнеше кәсіпорындары Петропавл жылу электр орталығының пайдаланылған буын пайдаланып, осы станцияның жанынан Петропавл ауданының «Луч Ленина» колхозы үшін пайдалы көлемі 900 шаршыметрлік теплиця комбинатын салуда. Кәзір комбинаттың құрылыс жұмысы негізінен аяқталды. Бұл комбинат быйыл пайдалануға беріліп, қала халқы қысты күні жаңа овецьтарды көптеп алатын болады.

Сонымен қатар, қаланың өнеркәсіп орындары өздері қамқорлыққа алған колхоздар мен МТС-терде 19 мал қорасын, овець сақтайтын 31 орын, 80-нен астам

жабық қырандар салу жұмысына қызу кірісті.

Қалалық партия комитеті, бастауыш партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары ауыл-селоның мәдениетін арттыру ісіне де ат салысуда. Байланыс қызметкерлері 33 колхозға радиотранслятор орнатып, мыңжарымнан астам колхозшылардың үйлерін радиоландырды. Қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарының көркемөнерпаздар коллективтері ауылшаруашылық қызметкерлерін концерттермен қамтумен бірге селолық клубтар мен оқу үйлерінің жұмысына көмектесуде.

Біздің қаланың комсомол ұйымдары тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандардың механизаторлары мен колхозшылары үшін 10 мыңнан астам көркем әдебиет кітаптарын жіберді. МТС-тер мен колхоздарды қамқорлыққа алған кәсіпорындары мен ұйымдар жүздеген көрсеткіш және құрмет тақталарын жасап, егіс бригадалары мен трактор бригадаларына қызыл мүйіздерді және үгіт пункттерін түрлі әдебиеттермен, музыкалық аспаптармен және кітапханалармен жабдықтауға көмектесті. Қалалық партия комитеті біртөп коммунист оқытушыларды іріктеп алып, оларды тың және тыңайған жерлерді игеретін жаңадан ұйымдасқан совхоздарға жұмысқа жіберді. Қаланың бірқатар партия ұйымдары колхоздар мен совхоздарға лекторлар мен саяси баяндамашыларды колхоздар мен МТС-терге көптеп жіберу арқылы селолық партия ұйымдарына бұқаралық-саяси жұмыстың жайын жақсартуға көмектесуде.

Кәзір ауылшаруашылық жұмыстарының егінді күту, мал азығын дайындау, егін жайлауға әзірліктің жауапты кезеңі басталды. Осыны еске алып, қала партия ұйымы колхоздар мен совхоздарға 5 мың адам жіберуді ұйғарып отыр. Кәзірдің өзінде колхоздар мен совхоздарға 2500-ден астам жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, қызметшілер және қаланың басқа да еңбекшілері жүріп кетті. Осы сыяқты, қала партия ұйымы комбайн агрегаттарының ұйымдастырушысы етіп, ауыл-селоға 500-ден астам коммунистер мен комсомолецтерді және партияда жоқ активтерді іріктеп алды. Кәзір

бұлардың бәрі түгелте жуық аудандарға жүріп кетті.

Олар МТС-терде болып, комбайн агрегаттарының құрамындағы механизаторлармен, колхозшылармен танысып, егіс алаңдарын байқады. Сөйтіп, олар комбайн агрегаттарын егін жыйнау маусымына кезінде әзірлеу жөнінде жергілікті партия ұйымдарына көмектеседі.

Қалалық партия комитетінің бюро мүшелері аудандарда жиі болу арқылы қаладан барған комбайн агрегаттары ұйымдастырушыларының жұмысына практикалық көмек көрсетіп отырады. Қалалық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі партия, совет активті қызметкерлеріне ауыл-селоға жүзден астам баяндамашылар мен насихатшыларды таяудағы күндерде жіберуді өзінің басты міндеті деп санап отыр. Бұл адамдардың әрқайсысы колхозшы шаруалар алдында кемінде үш-төрт рет баяндама жасап, лекция оқытып болады. Қаланың ауыл-селоға көмегі, міне, осындай. Алайда, бұдан біздің жұмысымызда кемшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды. Ол кемшіліктер мынада болып отыр: қаланың өнеркәсіп орындары, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары үшін қосымша бөлшектерді жасап беруге толық мүмкіндігі бар. Алайда, ауыл шаруашылығы басқармасы мен «Сельхозснаб» бұл жөнінде кәсіпорындарына қажетті көмек көрсете алмай отыр. Кәсіпорындары мен ұйымдардың басшылары қамқорлыққа алған МТС-термен, колхоздармен байланысты әлі де нығайта алмай келеді. Ал, кейбір колхоздың басшылары қамқорлық көмекті жете түсінбейді. Мұндай басшылар колхоздың бүкіл өндірісін қаланың көмегі арқылы жүргізгісі келеді. Олар колхозда бірнеше адамдар өздерінің жеке шаруашылықтарымен айналысып, колхоз өндірісіне қатыспай отырғанына назар аудармайды. Міне, бұл кемшіліктерді батыл жоюды қажет етеді.

Петропавл қаласының партия ұйымы ауылшаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкмет белгілеп берген программаны ойдағыдай жүзеге асыру үшін ауыл-селоға көмекті барған сайын күшейте береді.

# Сүтті мол алу—аса маңызды міндет

## Сыйырлардың құнарлылығын арттырайық

Үстіміздегі жылы облысымыздың совхоздары сауын сыйырлардың күтімін жақсарту арқылы олардың сүттілігін арттырып келеді. Міне, осының нәтижесінде совхоздар тресі бойынша мемлекетке сүт тапсырудың жарты жылдық жоспары мерзімінде 118 процент болып орындалды. Өткен жылы бұл мерзіммен салыстырғанда әрбір сыйырдан 304 литрден сүт артық алынды.

Алдыңғы қатарлы Токшын, Киров атындағы, Преснов және басқа совхоздар мемлекетке сүт тапсырудың жартыжылдық жоспарын мерзімінен 15 күн бұрын орындап шықты. Мұның өзі жоспардан тыс сүт тапсыруға мүмкіндік туғызды. Бұл шаруашылықтарда әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1100-1400 литрге дейін сүт алынды.

Бұл совхоздар мал шаруашылығынан алынатын өнімді арттыруға сауын сыйырларды жайылымда дұрыс бағып, оларды құнарлы азықпен азықтандыру арқылы жетісті. Бұларда малды бағып күту, азықтандыру жұмысы тек қана зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес ұйымдастырылған.

Алайда, облысымыздың бірқатар совхоздары күш-мүмкіншіліктері бола тұрса да, мемлекетке сүт тапсыру жоспарын үнемі орындамай келеді. Мысалға Октябрь, Степной, Мамлют, Петропавл совхоздарын атауға болады. Бұл совхоздардың басшылары өнімнің төмендігін құнарлы азықтың тапшылығынан деп дәлелдейді. Мұның да шындығы бар. Бірақ, Степной совхозында мал азығы, оның ішінде концентрат жеткілікті бола тұрса да, сыйырлардың сүт өнімділігі өте төмен. Мұнда апрель айында әрбір сауын сыйырдан орта есеппен небары 105 литрден, ал, май айында 109 литрден ғана сүт алынған.

Мұндай жағдай Октябрь совхозында да орын алып келеді. Совхоз басшылары күні бүгінге дейін мал жайылымын дұрыс ұйымдастырмай отыр. Соның салдарынан мал шаруашылығының өнімі де, оның ішінде, әсіресе, сүт өнімділігі айдаң-айтқа көбеюдің орнына, азайып барады. Егер де март айында әрбір сыйырдан орта есеппен 134 литрден сүт алынса, май айында небары 110 литрден сүт алынған. Бұл фактілер совхоз басшыларының (директоры Вапилов, аға зоотехнигі Иванова жолдастар) мал шаруашылығының

өнімдерін арттыру мәселесіне жауапсыздықпен қарап отырғандығын көрсетеді.

Тіпті, бұл совхоздарда, күні бүгінге дейін сауыншылардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылмай келеді. Оларға еңбекақы сыйырлардан алынған сүттің мөлшеріне қарай есептелмей, бекітіліп берілген мөлшеріне қарай есептеледі. Сол сияқты, товарлы-сүт фермалары сауыншылармен күні бүгінге дейін толықтырылмаған. Соның салдарынан жекелеген сауыншылар кей уақытта 20 сыйырдан сауады. Мұның өзі сыйырлардың жете сауылмай, сүттің кемуіне жол беріп отыр.

Мал шаруашылығының өнімдерінің кемін кету фактілері Мамлют совхозында да орын алған. Бұл совхозда мал шаруашылығы өнімдерін молайта беруге облысымыздағы басқа совхоздарға қарағанда, күш-мүмкіншілік жеткілікті. Дегенмен, совхоз басшылары ішкі резервтерді әлі де болса қанағаттанғысыз пайдалануда. Совхоз бірнеше айдан бері мемлекетке сүт тапсыру жоспарын орындай алмай келеді. Бұған себеп, совхоздың товарлы-сүт фермасында малшылардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылмаған. Сауын сыйырлар тәжірибелі сауыншыларға бекітілмеген. Мұнымен бірге фермалардағы сыйыр сауатын электр агрегаттары толық пайдаланылмайды. Бұл ұқыпсыздық сүттің кемуіне, сауыншылардың еңбек өнімділігінің төмендеуіне әсерін тигізуде.

Жоғарыда аталған совхоздардың басшылары осы уақытқа дейін сыйырлардың сүттілігін арттыру міндетін шеше алмай келеді. Шынында бұған совхоздарда қажетті жағдайлардың барлығы да бар. Мәселен, олардың бұл іске жете назар аудармауында болып отыр.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысында елімізде мал шаруашылығын онан әрі өркендету ісінің мемлекеттік маңызы өте зор екендігі атап көрсетілді. Бұл міндетті жүзеге асыруға көзірлі уақытта облыс совхоздарының қайсысында болсын мүмкіншілік бар. Сондықтан да совхоз басшылары мен партия ұйымдары орын алған кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, мал шаруашылығын өркендетуді, оның ішінде, әсіресе, сауын сыйырлардың сүттілігін арттыруды қамтамасыз етулері керек.

**С. СҮТЮШЕВ,**

Петропавл совхоздар тресінің аға зоотехнигі.

## Сүтті мол тапсыруда

Приешім ауданындағы «Новая жизнь» ауылшаруашылық артелиінде қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолындағы социалистік жарыс кең өріс алуда. Облыстың нәтижесінде колхозда малдың саны көбейіп, өнімдері артты. Қазір колхозда

быйыл да қол жеткен табысты баянды ете отырып, сыйырлардан сүтті мол алуға жақын нәтижелерге жетісті. Өзат сауыншы сүт сауу жөніндегі жартыжылдық жоспарын артығымен орындады.

## Жайылымды дұрыс пайдалану —сүтті мол алудың кәпілі

Совет ауданындағы Ленин атындағы, Каганович атындағы, «Путь к коммунизму» колхоздарының мал өсірушілері мал басын көбейтумен қатар, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Бұл колхоздардың барлық малдары қыстан қонды шықты. Колхоз басшылары жаз шығысымен малдарды, әсіресе, сауын сыйырларды шөбі шүйгін жайылымдықтарда бағуды ұйымдастырды. Жайылымдықтардың тиімді пайдаланылуы үшін, оны бірнеше өрістік участоктерге бөліп, ол участоктерді мал жаюға кезек пайдалануды тәртіпке қойды.

Сауын сыйырлар таңертең өріске ерте шығарылды. Күннің ыстық кезінде сыйырларды кешкілікте және түнгі салқында көбірек жаю кеңінен қолданылуда. Сауыншылар сыйырларды күніне үш-төрт рет және күн сайын бір мезгілде сауады. Олар сүт сауу жөніндегі тапсырмаларын толық орындап шығу үшін күн сайын және ай сайын әрбір сыйырдан қанша сүт алу керек екенін есептеп отырады. Осылардың барлығы аталған колхоздарда мемлекетке сүт тапсырудың бірінші жартыжылдық жоспарының мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етті.

Алайда, бірқатар колхоздар алдыңғы қатарлы товарлы-сүт фермаларының қолданып жүрген әдістерін үйренуді ескермей келеді. Ондай колхоздарда мал жайылымдықтарын пайдалану, сыйырларды сауу жұмысы белгілі бір тәртіпке қойылмаған. Осыдан барып, сыйырлардан сүт кем алынып жүр. Мысалға «Бөктерек» колхозын алайық. Өткен жылы бұл колхоздың товарлы-сүт фермасы аудан көлемінде алдыңғы қатарлы фермалардың бірінен саналған еді. Мұнда әрбір сыйырдан орта есеппен 1700 литр сүт алынды. Ал, жекелеген сауыншылар бұдан да жоғары көрсеткішке ие болды. Мәселен, Өзат сауыншы Сәменова жолдас өзіне бекітіліп берілген әрбір сыйырдан 1920 литр сүт сауды.

Быйыл бұл колхоздағы товарлы-сүт фермасының жағдайы керісінше болып отыр. Әсіресе, сыйырлардың сүттілігі төмендеп кетті. Колхозда өткен 5 ай ішінде әрбір сыйырдан небары 489 литр ғана сүт алынды. Тіпті, Өзат сауыншылардың сүт сауудағы көрсеткіштері төмендеп кеткен.

Мұндай жағдай ең алдымен жайылымдарды дұрыс пайдаланбау, алынған сүттің есебі толық жүрізбеу себепті болып отыр. Сауыншылардың өзара социалистік жарысы формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Мал өсірушілердің арасындағы үгіт-буқаралық жұмыстар бетімен жіберілген. Мұнда төлдерді шығынсыз өсірген малшылардың еңбегіне қосымша ақы төлеу ұйымдастырылмаған. Ол ол ма, товарлы-сүт фермасы күні бүгінге дейін сауын-



Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозында 118 ұя бал арасы бар. Колхоз ара балынан жыл сайын көп кіріс табады. Үстіміздегі жылы мұнда ара ұяларынан 4 тоннаға жуық бал алынбақ. СҮРЕТТЕ: ара өсіретін жерде ара ұяларын байқау. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## МТС кітапханасында

Совет МТС-нің кітапханасы соңғы жылдары механизаторлар арасында үгіт-буқаралық жұмыстарын жүргізуде айтарлықтай жұмыс істеп келеді. Механизаторлармен бірге олардың семья мүшелері де кітапханада жиі болып, кітап алып оқыйды. 70 жастағы қарт әйел Матенко Тургеневтің, Салтыков-Щедриннің кітаптарын, басқа да бірнеше кітаптарды оқып шықты.

Кітапханада ұйымдастырылған лектор тобы бар. Бұлар 1954 жылдың өзінде механизаторлар арасында халықаралық жағдай туралы, «Ауыл шаруашылығындағы жаңа техника», «СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қаулысы—ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің негізгі программасы», «Комбайндарды жөндеу жұмысын тез аяқтайық» деген және басқа тақырыптарда 15 рет лекция оқыды. Лекция оқуға МТС партия ұйымының секретары Павленко, бас инженер Лазарев, бас мал дәрігері Гуляева тағы басқа жолдастар белсене қатысады.

Мұнда айта сайын сәулеті газет шығарылып, онда Өзат механизаторлардың іс тәжірибелері жазылып, көрсетіледі. Сөйтіп, ол тәжірибе газет арқылы да насихатталады.

Үстіміздегі жылы тың және тынайған жерлерді игеруге келген патриоттарды толық мәдениетті қамту үшін еліміздің әр облысының еңбекшілерінен бірнеше посылкалар алды. Оның үстіне, Бүкілодақтық Кәсіпшілер Одағының Орталық Советі жіберген посылкаларда радиоқабылдағыш, пластинкаларымен патефон, шахмат, дойбы бар. Кітаптардың саны 200-ден астам болды.

Біз пішін жыйнау жұмысындағы трактор бригадаларын мәдениетті қамту үшін кеңейтілген жоспар жасағанбыз. Онда трактор бригадаларында механизаторларды мәдениетті қамтудың көп шаралары белгіленген. Қазір сол шараларды жүзеге асыру үшін мәдени-ағарту жұмыстарының дәрежесін жақсарту түстік.

Бұл күндері кітапхана қызметкерлері, оның активтері, лекторлар, үгітшілер механизаторларға июнь Пленумының қаулысын жете түсіндіру үшін көпшілік жұмысының барлық түрлері мен әдістерін қолдануда. Бұл жұмыстардың барлығы мал азығын дайындауды ойдағдай өткізуге, егін жыйнауға үлгілі әзірленуге бағытталды.

**Е. КУПРИАНЦЕВА,**

Совет МТС-нің клуб үйінің меңгерушісі.

## Облыстық драма театры Кемеровоға гастрольге барады

Жақында Кемерово облыстық Кузбасс музыкалы комедия театрының артистері Петропавл қаласына келіп, өздерінің постановкаларын көрсете бастады. Қала еңбекшілері Кузбасс музыкалық комедия театр артистерінің орындауындағы постановкаларды қызыға көрді. Олар қалада «Еркін жел», «Кето және Кота», «Шельменко Денчик», «Машиновкадағы құдалық той» және басқа постановкаларын көрсетеді.

Сол сияқты, Солтүстік Қазақстан облыстық драма театрының коллективінде Кемерово облысының қалалары мен аудандарында болып, облыс еңбекшілеріне өздерінің постановкаларын көрсетеді. Театр программасында Собко мен Балабановтың «Жүз миллион», Шевченконың «Назар Стодоля», Корнейчуктің «Платон Кречет», Симоновтың «Бір сүйіспеншіліктің тарихы», Шиллердің «Зұлымдық және махаббат», Гюгоннің «Анджело» және басқа постановкалары бар. Театр коллективінің құрамында 30 артист бар, оларды театрдың директоры Леонов жолдас баптап барады. Гастрольге Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Рогальский, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Ковалевский және басқа дарынды артистер қатысады.

Драма театрының артистері Кемерово облысының Анжеро-Судженск, Мариинск, Тайга, Иорча және Томск қалаларында болады. Сонымен бірге, Теминск, Бели-

## ҚАМҚОРЛЫҚ

Жуықта Совет аудандық оқу бөлімінің адресіне 500 кітап келді. Оның ішінде М. Горькийдің шығармалары, А. Фадеевтің «Жас гвардиясы», Короленконың

Сталин атындағы жетіжылдық мектептің 3-класс оқушысы Оля Козлова өзі жіберген «Оралдың оттары» деген кітаптың бірінші бетіне былай деп жазыпты: «Мен

карамал, оның ішінде сауын сыйыр, қой, құс өсірудің жылдық жоспарлары, мұнымен бірге, мемлекетке сүт тапсырудың жартыжылдық жоспары артығымен орындалды. Колхоз өнімдерін сатып алу орындарына 300 центнер сүт сатты.

Бұл табыстарға колхоз мүшелері өздерінің қажырлы еңбектерімен жетісін келеді. Мәселен, озат сауыншы Гетте жолдас бірнеше жылдан бері осы колхозда жұмыс істейді. Ол жыл сайын өзіне бөлігіш берілген сыйырлардан сүт алудың жоспарын үнемі орындап, олардан алынған бұзауларды шығынсыз өсіруде. Өткен аяғы айда Гетте жолдас 14 сыйырдан 12 мың литрге жуық сүт алып, өзінің жартыжылдық тапсырмасын мерзімінен бір ай бұрын орындап шықты.

Сол сияқты, Шнелбах жолдас та сыйырлардың сүттілігін арттыру жөнінде айтарлықтай табыстарға жетісуде. Өткен жылы өзіне бөлігіш берілген 13 сыйырдан сүт сауу жөніндегі алған міндеттемесін біржарым еседей орындаған еді. Ол

айтарлықтай табыстарға жетіп жүрген сауыншылар аз емес. Олардың барлығы колхозшылардың құрметіне бөленуде.

Колхоз мал өсірушілері малды жайылымдарда тәулік бойы бағады. Мұның өзі сыйырлардың сүтті мол беруін қамтамасыз етіп келеді. Колхоз басқармасы зоотехниктер мен малшыларды қатыстыра отырып, малды жазғы жайылымдарда бағудың, жайылымды пайдаланудың тәртібін үнемі тексеріп отырады. Мал мамандары жайылымдарды дұрыс пайдалану туралы мал өсірушілерге кеңес береді.

Колхоз мал өсірушілері СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулымен зор қуанышпен қарсы алып, мал шаруашылығын мол табысты шаруашылық саласына айналдыру мақсатымен өздеріне көтерілкі міндеттемелер алды. Бұл күндері олар өздерінің алған міндеттемелерін жүзеге асыру мақсатымен өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетуде.

**К. ЗАЙТОВ.**

Сондықтан қызықтырылмаған. Сондықтан әрбір сауыншыға 16-18 сыйырдан бөлігіш беріліп отыр. Ал, бұл жағдай сауыншылардың сыйыр саууға озат әдістерді қолдануына, бір тәулік ішінде сауу мөлшерін жиілетуіне қиыншылық туғызып келеді. Сауыншылардың үлгере алмауынан кейбір күндері бірнеше сыйырлардың сауылмай қалуы да жиі кездесіп жүр. Міне, осы себептерден сыйырлардан алынған сүт мөлшері кемін кетті.

Колхоздарда сүт өнімінің нашар болып отырғаны Совет МТС-нің бас зоотехнигі Телеуов жолдасқа да мәлім. Бірақ, фермалардағы жағдайды жақсарту, жайылымдарды дұрыс пайдалану жөнінде колхоз председателі мен ферма меңгерушісінің алдына қатаң талап қоюға оның батылы бармай-ақ жүр.

**В. ФЕДОРОВ.**

жазушыларының шығармалары бар. Бұлардан басқа ауыл шаруашылығы жөніндегі әдебиеттер, кітапшалар және басқа кітаптар да аз емес. Бұл кітаптарды Петропавл қаласы мектептерінің оқушылары жыйнап жіберген.

Бірқатар кітаптардың бірінші бетінде Коммунистік партия мен Совет үкметіне өздерінің тамаша сүйіспеншілігін айтқан патриоттық сөздер жазылған. Қаладағы

### Жаңа совхоздарға көмек

Преснов ауданындағы Приешім совхозы Октябрь ауданының тың және тыңайған жерлерінде жаңадан ұйымдастырылған астық совхоздарына көп көмек көрсетуде. Жақында совхоз Москворецк, Хрущев атындағы совхоздарға 40 жылқы және көптеген жұмыс көліктерін берді.

Приешім совхозында өткен жылы 80 ара ұяғы болатын. Быйыл олардың саны жүзден асты.

рындастары мен ағаларымен бірге, тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан колхозды деревняның баласына ұсынамын».

Осы кітаптар кеңгенше Совет ауданының 10 мектебінде арнаулы кітапхана болмайтын. Қала оқушыларының тартуы осы мектептерге жіберілді.

**И. СМЕРНОВ.**

Приешім совхозы омарта шаруашылығынан түскен ара балын Октябрь ауданының жаңа совхоздарына жіберуде. Жақында совхоз Хрущев атындағы, Докучаев атындағы, Тимирязев атындағы және басқа совхоздарға 120 килограмм бал жіберді. Қарт омартағы Орлов облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеру үшін кеңген патриоттарға тағы да екі центнер бал жіберуге міндеттенді.

**Б. КУЛИМОВ.**

терін қастыйды. Облыс артистері мұнда 1 септәбріге дейін болаты.

Кузбасс музыкалық комедия театрының Петропавлға келуі, сол сияқты, Солтүстік Қазақстан облыстық театрының Кемерово облысы шахтершіларының қалаларына және аудандарына баруы екі облыс еңбекшілерінің туысқандық достық қарым-қатынасын онан сайын пығайта түседі. Бұл облыс еңбекшілеріне екі коллективтің искусство шеберліктерімен танысуға мүмкіндік береді. Мұнымен бірге екі театрының коллективі бір-бірімен тәжірибе ауыстырады. Мұның өзі, сөз жоқ, артистердің искусство шеберліктерін арттыруына көп пайда келтіреді.

Кәзір Кузбасс музыкалық комедия театрының артистері Петропавл жұртшылығына өз өнерлерін көрсете бастады. Бұрнағы күні олар «Еркін жел» музыкалық комедиясын көрсетті.

**Р. ДӘУІРОВ.**

## ССРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТУЫСҚАНДЫҚ СЕМЬЯСЫНДА

# Советтік Молдавия өсіп өркендеуде

Ұлы Октябрь социалистік революциясы еліміздің халықтарын капиталистік құлдықтан және ұлттық езгіден азат етті, халықтар арасындағы алауыздықты, қастандықты біржолата жойды және оларды біртұтас туысқандық семьяға топтастырды.

Біздің елімізде социализмнің жеңуі нәтижесінде ССРО халықтарының достығы советтік қоғамның қуатты қозғаушы күші, көп ұлтты социалистік мемлекеттің жеңімейтіндігінің берік кепілі болып отыр. Бұл мызғымас достық, ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегі және еліміздің барлық халықтарының туысқандық өзара көмегі арқасында патшалық Россияның бұрынғы артта қалған ұлттық шет аймақтары Совет өкметі жылдары ішінде жақсы өркендеген өнеркәсібі, механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығы және озат мәдениеті бар гүлденген социалистік республикаларға айналды. Мұны Молдаван ССР-інің мысалынан айтып көруге болады.

Бессарабия Октябрь революциясына дейін патшалық Россияның мешу аймағы, жартылай отары болатын, румын боярларының оккупациясы жылдары — қайыршыланған аграрлық провинция болды. Румынияның боярлық үкметі Бессарабияны тонау объектісі және шетел капиталы үшін арзан жұмысшы күшін алуға болатын ел ретінде қарап, оның өнеркәсібін өркендетуді әдейі тежеп келді. Азат етілгенге дейін Бессарабияда ұсақ майдагерлік кәсіпорындар ғана болатын, оларда үш мыңға жетер-жетпес жұмысшы істейтін. Совет өкметі тұсында Молдавияда кәзіргі заманғы өнеркәсіп құрылды, отандық озат техникамен жабдықталған жүздеген завод, фабрика және комбинат салынды.

Соғыстан кейінгі жылдары республикада жеңіл өнеркәсіптің жақсы механикаландырылған 25 ірі кәсіпорны салынды, олардың ішінде үш аяққым фабрикасы, бес тігін фабрикасы, трикотаж фабрикасы, мех, жібек иіру фабрикалары және екі былғары заводы бар.

★  
**И. КОДИЦА,**  
Молдаван ССР Жоғарғы Советі  
Президиумының Председателі  
★

касы, бес тігін фабрикасы, трикотаж фабрикасы, мех, жібек иіру фабрикалары және екі былғары заводы бар.

Совет өкметі тұсында шын мәнінде жаңадан жасалған тамақ өнеркәсібі республика халық шаруашылығының жетекші саласы болып табылады. Соғыстан кейінгі уақытта тамақ өнеркәсібінің 250 ірі кәсіпорны салынды. 1954—1956 жылдары 119 жаңа кәсіпорны іске қосылды.

Советтік Молдавия консервілер өндіру жөнінде еліміздің ірі ауданына айналып отыр. Кәзір республиканың консерві өнеркәсібі 100-ден астам әртүрлі жеміс және овоц консервілерін, тоңазытқан жемістер мен овоцтар, жүзім және жеміс шіріндерін өндіреді. Молдавияда 1953 жылдың өзінде ғана 200 миллионнан астам банка консерві өндірілді. Бұл соғыстан бұрынғы 1940 жылдардан үш есе көп. Молдавияда 1960 жылы жылына 450 миллион банка консерві шығарылатын болады, мұның өзі соғыстан бұрынғы дәрежеден он есе артық.

Шарап жасау өнеркәсібі онан әрі өркендетуге зор көңіл бөлінуде. Молдавияның жүзім шараптары мен коньяктары кеңінен тарап, Отанымыздың барлық түкпірінде көпшілікке белгілі болып отыр. Совет Одағында жасап шығарылатын жүзім шараптарының 25 процентіне жуығын Молдавия береді. Республиканың шарап жасау өнеркәсібі өнімінің көлемі соғыстан бұрынғыдан сегіз есе артты. Шарап жасайтын көптеген жаңа заводтар салынууда. Жұырдағы уақытта Молдавия коньяктар мен шампан шараптарын өндіру жөнінде Совет Одағы бойынша бірінші орынға шығады.

Өсімдік майы мен мал майын, ет өнімдері мен кондитер тағамдарын өндіру үздіксіз артуда. Соғыстан кейінгі кезеңде қант қызылшасының егісі он екі есе өсті, оның шығымдылығы да артты. Қант қызылшасын жергілікті жерлерде өндірді қамтамасыз ету мақсатымен қосымша төрт қант заводу салынып жатыр. Кәзіргі бесжылдықтың бас кезімен салыстырғанда 1956 жылы республикада қант өндіру жеті есе дерлік арттады.

Молдавияда жұмысшы табының ұлттық тамаша кадрлары өсті. Республиканың еңбекшілері туысқан республикалардың еңбекшілерімен өндірістік тығыз байланыс жасап, олармен өндірістік тәжірибелерін алмастып отырады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қарарлары және партия мен үкметтің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі қаулылары молдаван халқының саяси және еңбек өрлеуін туғызды. Коммунистік партия мен Совет үкметінің халық игілігі жөніндегі қамқорлығымен жігерленген республиканың социалистік ауыл шаруашылығының еңбекшілері ауылшаруашылық өнімдері өндірісін шұғыл арттыру үшін, сөйтін елімізде халық үшін азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау жолындағы бүкіл халықтық күрес ісіне өзінің лайықты үлесін қосуға бар күш-мүмкіншілігін жұмсауда.

Молдавияның мақтаншы мен даңқын шығарушы республика ауыл шаруашылығының жетекші саласы бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы болып табылады. Соғыстан кейінгі кезеңде баулар мен жүзімдіктердің қыратылғандары қалпына келтіріліп, жаңа баулар мен жүзімдіктер отырғызылды. Кәзір республикада Совет Одағындағы барлық жүзімдіктердің үштен біріне жуығы жыйнақталып отыр, олардың егіс көлемі жөнінде Молдавия елімізде бірінші орын алады.

Агротехниканы қолдану негізінде, жүзім өсірушілердің жанқиярлық еңбегі арқасында жүзімдіктердің шығымдылығы үздіксіз артуда. Өткен жылы 1952 жылмен салыстырғанда мемлекетке 80,5 мың тонна жүзім артық тапсырылды. 1950 жылмен салыстырғанда жүзімнің жалпы түсімі екі еседен астам өсіп, жарлы миллион тоннаға жетті.

Өздерінің қажырлы еңбегімен, жүзімнен, бидайдан, жүгеріден, қант қызылшасынан, күнбағыстан және темекіден мол өнім алуды қамтамасыз еткен озаттардың қатары көбеюде. Мол өнім алудың 1700-ден астам шеберлері Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. Социалистік Еңбек Ерлері: 32 гектар бидай егісінің әрбір гектарынан 32,5 центнерден өнім алған, Молдаван ССР Жоғарғы Советінің депутаты М. Бостанның, гектарынан 127,1 центнерден жүзім өнімін жыйнаған А. Качуревскийдің, гектарынан 100,3 центнерден жүзім өнімін алған, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты В. Пырчудің, 50 гектар күнбағыс егісінің әрбір гектарынан 27,1 центнерден өнім жыйнаған И. Гончаренконың және басқалардың есімдері республикадан тыс алыс жерлерге де белгілі болып отыр.

Таяудағы жылдары елімізде жүзім мен жеміс молшылығын жасау үшін күресе отырып, Молдавияның еңбекшілері жүзімдіктер мен жеміс ағаштары егісі көлемін едәуір ұлғайтуда. Соңғы екі жыл ішінде 20 мың гектар жаңа жүзімдіктер мен баулар отырғызылды. 1954—1955 жылдары 30 мың гектар жерге қосымша жаңа жүзімдіктер мен баулар отырғызылды.

Колхоздардың қоғамдық байлығы жыл санап артуда. Олардың бөлінбейтін қорлары 1950 жылмен салыстырғанда төрт есе дерлік өсіп отыр. 1953 жылы, 1952 жылмен салыстырғанда, колхоздар мен совхоздар мемлекетке астықты, күнбағысты, темекіні, етті, сүтті, жеміс пен овоцты едәуір көп тапсырды. Республикада әрбір екінші колхоз дерлік миллионер болып табылады. Олардың көпшілігінің жылдық табысы 10 миллион сомнан асады, ал, Мичурин атындағы сов-

хоздың жылдық табысы 17 миллион сомға жуық болып отыр.

Қала мен деревня еңбекшілерінің қайыршылығы келмесе кетті. Молдаван халқының материалдық әл-ауқаты артуда. 1953 жылы Молдавияның халқына 1952 жылдардан 340 миллион сомның әртүрлі өнеркәсіп және азық-түлік товарлары артық сатылды.

Мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениетті өркендетудегі Молдаван халқының табыстары орасан зор. Бессарабияда село халқының 80 проценті сауатсыз болатын. Советтік Молдавияда барлық жерде балаларды жалпыға бірдей міндетті түрде тегін жетіжылдық оқыту іске асырылды және алдымыздағы бесжылдықта жалпыға бірдей орта білім алуға көшу үшін жағдайлар әзірленуде. Республикада екі мыңға жуық мектеп жұмыс істейді. Оларда 400 мың бала ана тілінде оқиды. Бұдан басқа кешкі мектептерде 60 мыңға жуық жасөспірім жігіттер мен қыздар өз білімін арттыруда. 1950 жылмен салыстырғанда орта мектептің саны үш есе артты. Үстіміздегі жылы 137,5 мың адам орта білім алады.

Румын боярлары оккупациялаған Бессарабияда бірде-бір жоғары оқу орны жоқ еді. Кәзір Молдаван ССР-інің 9 жоғары және 39 орта арнаулы оқу орындарында 17 мыңнан астам студенттер оқиды. Бұларда халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салалары үшін әртүрлі мамандығы бар ұлттық маман кадрлары даярлануда. ССРО Ғылым Академиясының молдаван филиалы, 26 ғылыми зерттеу институттері мен мекемелері республиканың өндіріс күштерін арттыру проблемасымен шұғылдануда.

Бессарабияда молдаван тілінде бірде-бір газет шықпайтын, кәзір республикада 80-ден астам газет, журналдар басылып шығады. Өткен жылы жалпы тиражы 6 миллион дана болып 500 көркем, саяси, балалар және басқа әдебиет кітаптары басылып шықты.

Жазушылар, суретшілер, композиторлар, архитекторлар, артистер кадрлары өсіп жетіпті. Олардың қатары еліміздің

тен өткен дарынды Молдаван жастарымен толықтырылады. Молдавия жазушыларының шығармалары тек Кишиневте ғана емес, сондай-ақ Москвада, Киевте, халықтық демократия елдерінде де басылып шығуда. Музейлер мен мәдениет сарайларында молдаван суретшілерінің картиналарын көруге болады.

Республикада үш театр, мемлекеттік филармония құрылды, 68 мәдениет үйі, 1500 селолық клуб пен оқу үйі, 710 кітапхана жұмыс істейді. Көркем өнерпаздар үйірмелеріне 56 мың адам қатысады. Біздің ұлы Отанымыздың қалаларында «Дойна» хор капелласының және 1953 жылы Бухаресте болған жастар мен студенттер фестивалінің лауреаты — Молдаван ССР-інің халық би ансамблінің концерттері әрдайым табыспен өтуде. Молдаван халқының әндері мен билері еліміздің көптеген маман артистері мен көркем өнерпаздар коллективтерінің репертуарына берік енуде.

Шаруашылық және мәдениет құрылысындағы қол жеткен табыстармен қатар, партия мен үкметтің соңғы қаулыларында, сондай-ақ Молдаван Коммунистік партиясының бесінші съезінің қарарларында атап көрсетілгеніндей, бізде әлі де болса ірі кемшіліктер, пайдаланылмай жатқан алып резервтер мен мүмкіндіктер бар. Республиканың еңбекшілері орын алған кемшіліктерді жойып, партия мен үкмет белгілеген халық шаруашылығын онан әрі өркендетудің программасын қысқа мерзім ішінде іске асыру үшін барлық күшін жұмсауда. Колхоздар, МТС-тер мен совхоздар Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде лайықты орын алу үшін күресуде.

Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне тығыз топтасқан Молдаван ССР-інің еңбекшілері Совет Одағының барлық халықтарымен бірге ауыл шаруашылығын және халық тұтынатын товарлар өндірісін жаңадан қуатты қарқынмен өркендету үшін жанаймай күресіп, елімізде коммунистік қоғамның зәулім сарайын орнату үшін өзінің лайықты

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

## АЗИЯДА БЕЙБІТШІЛІКТІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫМЕН

Көзiргi халықаралық жағдайда Азиядағы iстердi бейбiтшiлiкпен реттеу бiрiншi дәрежедегi мiндет болып отырған кезде, Қытайдың премьерi Чжоу Энь-лай июльнiң аяғында Индияның премьерi Нерумен, ал содан кейiн Бирманың премьерi У Нумен жүргiзген келiссөздерiнiң аса көрнектi маңызы болып отыр. Бұл келiссөздер Азияда жаңа саяси жағдай турғанын көрсеттi, бұл жағдайдың ерекше сыйпаты сол, Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейiн және Индияның, Бирманың, Индонезияның, тағы басқа азиялық елдердiң халықаралық маңызы артып отырған жағдайда бұл елдерде дәуренi өткен отаршылдық саясатты ендiгi жерде жүргiзуге болмайды. Азияның iстерiн азиялық халықтардың өзiнeзi шешуге болмайды.

Дели мен Рангунда жүргiзiлген келiссөздерге қатысушылар Азияда бейбiтшiлiктi қамтамасыз ету үшiн азиялық елдердiң күш-жiгерiн бiрiктiру қажет екендiгiне сүйендi. Келiссөздердiң қорытындылары туралы бiрлескен мазмұндамада Чжоу Энь-лай мен Неру былай деп мәлiмдедi: олар, Оңтүстiк- Шығыс Азияда бейбiтшiлiк орнату перспективасын талқылап, «Женевада және басқа жерлерде жүзеге асырылып жатқан бейбiтшiлiкпен реттеу iсiне бағытталған күш-жiгерге мүмкiн болған барлық жолдармен көмектесуге» өздерiнiң берiк бел байлағанын қуаттайды.

Мазмұндамада, елдердiң қоғамдық құрылысындағы айырмашылықтар олардың өзара ынтымақтасуына кедергi бола алмайды деген сенiм бiлдiрiлген. Премьер-министрлер өз елдерiнiң арасындағы қатынастардың мынадай принциптерiн қуаттады: территорияның бүтiндiгi мен суверенитеттi өзара құрметтеу, бiр-бiрiне шабуыл жасамау, бiр-бiрiнiң iшкi iстерiне араласпау, теңдiк пен өзара тиiмдiлiк, бейбiтшiлiкпен қатар өмiр сүру.

Чжоу Энь-лайдың Рангунда Бирманың премьер-министрi У Нумен жүргiзген келiссөздерi де азиялық континентте бейбiтшiлiктi қамтамасыз ету үшiн Азия елдерiнiң күш-жiгерiн бiрiктiру жолындағы маңызды қадам болды. Келiссөздердiң қорытындылары туралы бiрлескен мазмұндамада Қытай мен Бирманың премьерлерi «бүкiл дүние жүзiнде, әресе, Оңтүстiк-Шығыс Азияда бейбiтшiлiктi сақтау үшiн мүмкiн болған шараның бәрiн» iстеуге өздерiнiң әзiр екендiгiн қуаттап бердi. Олар Қытай мен Индия арасындағы қатынастарды белгiлейтiн принциптер «сонымен қатар Қытай мен Бирма арасындағы қарым-қатынастар үшiн де басшылыққа алатын принциптер болуға тиiс» деп келiстi.

Индонезияның премьер-министрi Састроамиджойо парламентте Чжоу Энь-лай мен Неру арасындағы келiссөздердiң нә-

тiк-Шығыс Азияда соғыс блогiн құру туралы договор айтылып отыр).

Индияның «Ассам трибун» газетi Чжоу Энь-лай мен Нерудың келiссөздерi жөнiнде былай деп жазды: «сайып келгенде, батыстың азиялық проблемаларға отаршылдық-империалистiк көзқарасына ендiгi жерде жол беруге болмайтынын батысқа мәлiмдейтiн уақыт жеттi». Бейбiтшiлiк пен хауiпсiздiк жағдайында өмiр сүрудi тiлеп отырған Азия халықтарының бiрауызды талабы мiне осындай. Азиялық елдердiң бостандық пен тәуелсiздiк принциптерiне негiзделген өзара ынтымағы барлық бейбiтшiлi халықтардың мүдделерiне сай келедi.

### НЕМIС

#### ХАЛҚЫНЫҢ ЕРКI

Герман Демократиялық Республикасында: «Бiтiм договоры және оккупациялық әскерлердiң әкетiлуi үшiн бе немесе «европалық қорғаныс бiрлестiгi» туралы договор және оккупациялық әскерлердi 50 жылға қалдыру үшiн бе?» деген мәселе жөнiнде халықтың дауыс беруi аяқталды. Орасан зор өрлеу жағдайында өткен дауыс беру науқанына дауыс правосы бар 13,4 миллионға жуық азаматтар қатысты. Бұлардың 93,5 процентi Германиямен бiтiм договорын тезiнен жасауды, оккупациялық әскерлердi әкетудi жақтап, Бонн және Париж соғыс договорларына қарсы шықты. Берлиннiң демократиялық секторында елдi бейбiтшiлiкпен бiрiктiрудi жақтап дауыс бергендердiң саны 97,4 процент болды.

ГДР халқының Бонн кекшiлерi жүргiзiп отырған соғыс саясатына мейлiнше батыл қарсы шығып, Германияны бейбiтшiлiк және демократиялық негiзде қайта қосуды, жаңа соғыс хауiпiн жоюды талап етiп отырғаны дауыс берудiң нәтижелерi айқын көрсеттi.

Жұртқа мәлiм, демократиялық Германияның ұлттық майданының жуырда Берлинде болып өткен екiншi ұлттық конгресi елдiң екi бөлегiнде халықтың дауыс беруiн өткiзуге шақырып, үндеу жазды. Бiрақ Бонндағы топтың бұл шақыруға құлақ қоймағаны былай тұрсын, тiптi ол Батыс Германияда дауысқа қоғға жол бермеуге шаралар қолдануға асықты. Бұған қарамастан, Батыс Германияның патриоттары өкмет орындарынан жасырын түрде халық пікірін сұрауды ұйымдастырып, оның барысында пікірі сұралған адамдардың басым көпшілігі Германияның бейбiтшiлiгi мен бiрлiгiн жақтап шығуда.

Аденәуер үкметiнiң агрессиялық саясаты Батыс Германияда барған сайын күштi наразылықтар тудыруда, соның өзiнде халық пен оппозициядағы топтар ғана наразылық бiлдiрiп отырған жоқ, сонымен бiрге тiптi үкмет коалициясына кiрген саяси партияларды соңғы уақытқа дейiң қолдап келгендердiң көбi наразылық бiлдiруде. Солтүстiк Рейн-Вестфалия

# ЖЕНЕВА КЕҢЕСІНІҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ

ЖЕНЕВА, 6 июль. (СОТА). Мұнда мәлім болғанындай, тоғыз делегацияның бүгінгі жабық мәжілісінде Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісім шарттарының орындалуын бақылау жөніндегі мәселе онан әрі талқыланды.

Хабарларға қарағанда, Қытай Халық Республикасы делегациясының өкілі бұдан бұрынғы екі мәжілісте Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы Фам Ван Донг пен совет делегациясының өкілі Кузнецов білдірген көзқарасты ҚХР делегациясының қолдан отырғанын өзінің сөзінде атап көрсеткен. Ол Франция делегациясы өкілінің уақытша бітімді бақылау туралы мәселе жөнінде 25 июльде жасаған мәлімдемесіне бұл кеңестің назар аударуына болатынын атап көрсеткен. Бақылау туралы мәселені кеңесті талқылау нәтижесінде, деп мәлімдеген ҚХР делегациясының өкілі, әртүрлі делегациялар көзқарастарының жақындасып отырғаны анықталды. Сонымен бірге, деп атап көрсеткен ол, кейбір мәселелер жөнінде әлі де еләуір алаштық бар.

ҚХР делегациясының өкілі аралас комиссия мен бейтарап елдердің бақылау жөніндегі комиссиясы бір-бірімен қол ұстасып қыймыл жасауға тиіс және олар бір-біріне бағындырылмауға тиіс деген сенім білдірген.

Жұртқа мәлім, совет делегациясы 14 июльде бұл мәселе жөнінде нақты ұсыныстар енгізіп, бұл ұсыныстарда екі комиссия арасындағы міндеттерді бөлісу және олардың өзара ынтымақтасуы қажет екендігіне назар аударған болатын. Франция делегациясының өкілі де 25 июльдегі мәлімдемесінде аралас комиссияны бейтарап елдердің бақылау жөніндегі комиссиясына бағындырудың қажеті жоқ екендігін атап көрсеткен. ҚХР делегациясының өкілі бұған байланысты былай деп көрсеткен: әртүрлі делегациялардың бұл мәселе жөнінде білдірген көзқарастарының бір-біріне жақындағы соңшалық, тіпті қазірдің өзінде кеңестің екі комиссияның ынтымақтасу принципін еске ала отырып, комиссиялардың әрқайсысы атқаратын міндеттердің көлемін белгілеп беруіне толық жағдайы бар. Со-

ның өзінде, деп мәлімдеген ол, мұның негізіне совет делегациясының 14 июльдегі ұсыныстарын және француз делегациясының 25 июльдегі ұсыныстарын алуға болады.

Бейтарап елдердің бақылау жөніндегі комиссиясының дауысқа қою тәртібі туралы мәселеге тоқтай келіп, ҚХР делегациясының өкілі ССРО мен Франция делегацияларының ұсыныстары арасындағы көзқарастың бұл мәселе жөнінде де жақындасып отырғанын атап көрсеткен. Жұртқа мәлім, деп мәлімдеген ҚХР делегациясының өкілі, совет делегациясы комиссияның ең маңызды мәселелер жөніндегі, соның ішінде келісімнің соғыс қыймылдарын қайта бастауға әкеліп соқтыруы ықтимал болатындай дәрежеде бұзылғаны туралы мәселелер және уақытша бітім туралы келісімге өзгертулер енгізу жайындағы мәселе жөніндегі өз қарарларын бірауыздан қабылдайтын болсын деп ұсынды. Франция делегациясының өкілі де 25 июльдегі мәлімдемесінде былай деп көрсетті: жалпы мәселелер мен ең маңызды мәселелер бір-бірінен бөлінуге тиіс, бұл мәселелер жөніндегі қарарлар бейтарап елдердің бақылау жөніндегі комиссиясында әртүрлі жолдармен қабылданатын болуға тиіс. ҚХР өкілі бұл мәселені оған әрі талқылауды, сөйтіп совет делегациясының ұсыныстары негізінде келісімге жету жолдарын табуы ұсынған.

ҚХР делегациясының өкілі былай деп атап көрсеткен: бейтарап елдердің бақылау жөніндегі халықаралық комиссиясының құрамы жайында енгізілген совет делегациясының ұсыныстары бұл комиссия Коломбодағы кеңеске қатысқан елдерден құрылуға тиіс деп санап отырған делегациялардың көзқарасын еске алады. Сонымен, бұл мәселе де, барлық делегациялар келісімге жетуге тиісінше ұмтылған күнде, келісімге тез жету үшін кедергі болып табылмайды.

ҚХР делегациясының өкілі Лаос пен Камбоджада уақытша бітімді бақылау туралы мәселе бүкіл Индо-Қытайдағы уақытша бітімді бақылау жөніндегі мәселенің біртұтас құрамды бөлігі болып табылады, сондықтан Индо-Қытайдағы соғыс

қыймылдарын тоқтату туралы келісім шарттарының орындалуын бейтарап елдердің бір тұтас комиссиясы бақылауға тиіс деген сенім білдірген.

Хабарларға қарағанда, Франция делегациясының өкілі ҚХР делегациясының 16 июльдегі ұсыныстарына тоқтай келіп, ҚХР делегациясының Лаос пен Камбоджаның қорғанысы үшін қажетті қару-жарақ пен ұрыс жабдықтарының мөлшерін кім және қандай тәртіппен белгілеп беруге тиіс деген мәселені анықтауын өтінумен ғана тынған.

ҚХР делегациясының 16 июльдегі ұсыныстарында былай деп көрсетілген болатын: соғыс қыймылдары тоқтатылғаннан кейін Лаос пен Камбоджаға сырттан жаңа әскери бөлімдердің, құрғақтары күштері мен соғыс-теңіз және соғыс-әуе күштері қызметшілерінің, әртүрлі қару мен ұрыс жабдықтарының жеткізілуіне жол берілмейді. Ал бұл елдердің өзін-өзі қорғауы үшін жеткізілуі мүмкін қарудың мөлшері мен түрлері туралы мәселеге келетін болсақ, делінген ҚХР делегациясының ұсыныстарында, бұл мәселені келісім алу керек.

Франция делегациясының өкілі соның өзінде Лаос пен Камбоджаның өз армияларына шетелдік әскери нұсқаушылар мен мамандар шақыруына рұқсат етілген дегенді де талап еткен.

Алынған мәліметтерге қарағанда, Лаос пен Камбоджа делегацияларының өкілдері өздерінің мемлекеттері қорғаныс мақсатымен қару және әскери бөлімдер әкелуге, сондай-ақ әскери мамандар мен нұсқаушыларға мұқтаж болады деген мәлімдеме жасаған. Лаос өкілі сонымен қатар Лаос территориясындағы қазіргі француз соғыс базаларының сақталатын болуын талап еткен.

Мұнда мәлім болғанындай, тоғыз делегацияның Индо-Қытайда бейбiтшiлiктi қалпына келтiру туралы мәселе жөнiнде келесi жабық мәжілісi 9 июльде болады.

Хабарларға қарағанда, келесi мәжіліске дейiнгi уақыт жеке делегациялар өкiлдерiнiң жеке-жеке кездесуi үшiн пайдаланылмақ.

## ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙДЫҢ ПЕКИННЕН ЖЕНЕВАҒА ЖҮРІП КЕТУІ

ПЕКИН, 9 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Қытай Халық Республикасының премьері және Сыртқы істер министрі, Женева кеңесіндегі Қытай делегациясының басшысы Чжоу Энь-лай бүгін таңертең Индо-Қытайда бейбiтшiлiктi қалпына келтiру туралы келiссөздердi онан әрi жүргiзу үшiн Пекиннен Женеваға ұшып кеткен. Вьетнам Демократиялық Республикасының Қытайдағы елшісі Хоанг Ван Хоан Женеваға ұшқан.

### ЖАПОНИЯДАҒЫ НӨСЕРЛЕР

ШАНХАЙ, 9 июль. (СОТА). Токио радиосының «Майници» газетіне сүйеніп берген хабарына қарағанда, 9 июльде болған нөсер Цюгоку, Сикоку және Кюдо аудандарына зиян келтірген. Ямагути префектурасы бәрiнен де көп зиян шеккен. Ямагути префектурасы муниципалдық өкметінің хабар еткеніндей, шеккен зиянның жалпы көлемі 32—40 миллион пен болған. 28 адам өлген, 7 адам із-түзсіз жоғалған және 92 адам жараланған.

### ЖАПОНИЯ ТАИЛАНД ҮШІН ҚАРУ-ЖАРАҚТАР ШЫҒАРУДА

ШАНХАЙ, 9 июль. (СОТА). Токио радиосының «Нихон кейдай симбун» газетіне сүйеніп берген хабарына қарағанда, ресми мәліметтер бойынша жапон фирмасы «Исикава сейсакусю» пен мөлшерінде соғыс қаруын шығару жөнінде Таиланд соғыс-теңіз флоты өкілімен 70 миллион контракт жасаған. Қару-жарақтар— ең бастысы миналар — үстіміздегі жылдың октябрь айының аяғына дейін дайын болуға тиіс.

### ПАТЕТ-ЛАОДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАЙЫНДА

ШАНХАЙ, 8 июль. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі былай деп хабарлайды: Патет-Лао халқының және Халық-азаттық армиясының табыстары нәтижесінде қыс-көктем маусымы кезінде Патет-Лаоның қуыршақ әскерінің моральлық жағдайы өте жылдам төмендеуде. Ресми хабарларға қарағанда, үстіміздегі жылдың алғашқы төрт айы ішінде Вьетн-Тянь провинциясында қуыршақ армиядан 1125 солдат қашып кеткен.

Хабарда былай делінген: өткен үш ай ішінде Патет-Лаоның Халық-азаттық армиясы Патет-Лаодағы француздардың маңызды саяси орталығы — Вьен-Тянь провинциясында 20 бекіністі жойған және жаулардың оны тастап кетуіне мәжбүр еткен. Бұл жеңіс қуыршақ армия солдаттарының арасында өте зор сасушылық тудырған, олар жаулар қатарын тастап, алғашында жеке-жеке, артынан бүтіндей топ болып кете бастаған.

### БІРТОП ИРАН ОФИЦЕРЛЕРІНІҢ ТҮРКИЯҒА БАРУЫ

ТЕГЕРАН, 9 июль. (СОТА). «Косте техран» газетінің хабарына қарағанда, кеше Иран соғыс-әуе күштері штабының біртоп офицерлері (14 полковник, 1

## Американың атом және сутегі қаруын сынау әрекеттерінің құрбандары

### НЬЮ-ЙОРК, 7 июль. (СОТА). Жуырда қамқорлық жөніндегі советтің қарауына петиция тасырылды, бұл петицияны қамқорлықтары территория болып табылатын және АҚШ басқарып отырған Маршалл аралдары конгресінің сессияаралық комитеті Біріккен Ұлттар Ұйымына жіберген.

Бұл петицияда мынадай хабар айтылған: Маршалл аралдарының территориясында Құрама Штаттар жүргізген атом және сутегі бомбаларын бірнеше рет сынау әрекеттері салдарынан бірқатар аралдарындағы әресе Ронгелан пен Ули-

### МАРШАЛЛ АРАЛДАРЫ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БҰҰ-ға ПЕТИЦИЯСЫ

Ұйымы біздің өтінішімізді естіп, тиісті шаралар қолданады деген үмітпен, оған осы петицияны жолдап отырмыз».

БҰҰ-ның атына сонымен қатар АҚШ азаматынан да петиция түсіп, ол қамқорлықтары территорияда атом және сутегі бомбаларын сынаудың тезінен тоқтатылуын талап еткен. Петиция беруші Құрама Штаттардың Маршалл аралдарында «сутегі бомбаны сынауы жөнінде елсуді

жергілікті халқының наразылықтарын тудырғанын өте абыржығандықпен атап көрсете келіп,

соның өзінде жоғарыда көрсетілген сынау әрекеттерінің қамқорлықтары территорияның бір бөлігін құртуға әкеліп соқтырғанын еске ала отырып,

қамқорлықтары территорияда сутегі және атом бомбаларын сынау әрекеттері, БҰҰ Аставының 12-ші тарауында баяндалғанындай, халықаралық қамқорлық системасының мақсаттарымен және принциптерімен сыйыспайды, сондай-ақ бұл әрекет бұл территорияға қамқорлық жа-

тижелерін құттықтаймын деп мәлімдеген. Непалдың премьері Коирала Қытайдың Индиямен және Бирмамен қарым-қатынастары негізделген принциптерге өзінің келісетінін білдірген. Азиялық елдердің баспасөзі де осындай рухта пікірлер айтуда. Чжоу Эн-лай мен Нерудың келіссөздері, деп атап көрсеткен Индияның «Хиндустан таймс» газеті, «Азиядағы бейбітшілік пен ынтымақтастық жолындағы бұрынғыдан да гөрі қуатты қозғалыстың бастамасы» болады.

Чжоу Эн-лайдың Индия мен Бирмада жүргізген келіссөздері халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне қосылған үлес болғандықтан да, бұл келіссөздер Вашингтондағыларды ашықтан-ашық күйіндірді. АҚШ дипломатиялық топтарының пікіріне сүйене отырып, «Нью-Йорк таймс» газеті абыржыған кейіптен былай деп жазған: «азиялық елдердің ықпалды екі басшысы арасындағы келісім батыс ұсынып отырған договордың перспективаларына күйрете соққы берді» (бұл арада Оңтүс-

өлкесі аятының жуырда болып өткен сайлауы аденәуэрлік партияның — «христиандық-демократиялық одақтың» бұқара арасындағы ықпалының мықтап азайғанын көрсетті. Бұл партия миллионнан аса дауыстан, яғни өзінің жақтаушылардың үштен бірінен айрылды. Ал, оның бер жағында компартияны және буржуазиялық «еркін демократиялық партияны» жақтаған дауыстардың саны арта түсті, ал соңғы буржуазиялық партияның бірқатар қайраткерлері Совет Одағымен және халықтық демократия елдерімен қатынастарды бірқалыпқа келтіруді, Шығыс пен Батыс арасындағы сауданы өркендетуді жақтап шығуда.

ГДР-дегі халықтың дауыс беруі және оның қорытындылары Батыс Германиядағы немістерді бейбітшілік жолындағы, біртұтас, бейбітшілік, демократиялық және тәуелсіз Германия жолындағы әділетті күреске бұрынғыдан анағұрлым жігерлендіреді.

С. ИВАНОВ, Д. БОЧАРОВ.

## „Женьминьжибао“ халықаралық жағдай туралы

ПЕКИН, 9 июль. (СОТА). «Женьминьжибао» газеті бүгін өзінің басмақаласында былай деп жазды: көзіргі халықаралық жағдайдың басты ерекшеліктерінің бірі бейбітшілік сүйгіш елдердің бейбітшілік үшін күресте күш жұмсауы белгілі табыстарға жеткізін отырғандық фактісі болып табылады. Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру мәселесін Женева кеңесінде талқылау Совет Одағы, ҚХР, Вьетнам Демократиялық Республикасы және бейбітшілікке ұмтылып отырған барлық күштердің күш салуы нәтижесінде әлі де жүргізілуде. Чжоу Эн-лайдың Индия және Бирма премьер-министрлерімен кездесуі Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау ісіне қосылған зор үлес болып табылды.

Дүниежүзілік қоғамдық пікір, деп атап көрсетеді газет, халықаралық жағдайдың былайша дамуы Азияда бейбітшілікті нығайтуға көптеген мүмкіншіліктер берді және халықаралық жағдайдағы шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге игі ықпалын тигізуде деп бірауыздан есептейді.

Бірақ, деп атап көрсетеді «Женьминьжибао», АҚШ-тың билеуші топтары бейбітшілікке жетуге бағытталған бейбітшілік сүйгіш елдердің күш жұмсауына қарсы тұруға тырысып, халықаралық қатынаста шиеленісті қолдау саясатын қасарықандықпен жүргізуде. Көзіргі уақытта олар дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш халықтарына, әсіресе, Азия халықтарына қарсы жаңа соғыс авантюраларын дайындауда. Жапонияның, Филиппиннің және

лисымандық топтың реакциялық билеушілерімен соғыс шарттарын жасап, американы билеуші топтары мұндай шартты чанкайшилік банданмен де жасауды жоспарлап отыр. Сөйтіп, бұл режимдерден «Солтүстік-Тынық мұқит соғыс блогі» деп аталатынды құрмақ. Бұл масқаралық авантюрада АҚШ билеуші топтарының ташсыруы бойынша жуырда Қыбыр-Шығыс елдерін аралап қайтқан генерал Ван Флит бас роль атқармақ.

Газеттің атап көрсеткеніндей, Ван Флиттің Тайваньға баруы американы билеуші топтарының Чан-Кай-шимен «өзара хауіпсіздік туралы келісім» жасау жолымен Тайваньды оккупациялаудың қылмысты актісін бекітуге байланысты.

Жағдайды шиеленістіре түсуге бағытталған АҚШ-тың көзіргі әрекеттері, деп жазады газет, қытай халқының және Азияның барлық халықтарының мүддесіне қайшы келеді. Олар тек қана демократиялық лагердегі елдерде емес, сонымен қатар, АҚШ-тың одақтастарының ішінде де барған сайын өсіп отырған қайшылықтарға кездесіп отыр. Азияның басты елдері, деп жазады газет өзінің қорытындысында, сол сыяқты, бірқатар батыс елдер көзіргі уақытта Индияда бейбітшілікті қалпына келтіруді және Азия мен бүкіл дүние жүзіндегі жағдайдағы шиеленісті бәсеңдетуді талап етуде. Американы империалистерінің қуыршақ үкметтердің көмегімен Азияда жаңа соғыс өртін тұтандыруға тырысқан барлық әрекеттері сөзсіз жеңіліске ұшырайды.

**ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙДЫҢ ДЕЛИ МЕН ПЕКИН, 9 июль. (СОТА).** Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Бирма мен Цейлонның газеттері Қытай Халық Республикасы премьері жақында Индия мен Бирманың премьер министрлерімен жүргізген келіссөздерін әлі де түсіндірмеді. Жаңадан шыға бастаған күн сайынғы «Бирма Стар» газеті «Азиялық Хартия»

**РАНГУНДАҒЫ КЕЛІССӨЗДЕРІ ЖАЙЫНДА** деп аталған мақалада былай деп жазған: «Мұның өзі Азиялық істерді азиятықтардың өздері жақсы шешеді деген сөз». Қытай мен Индияның және Қытай мен Бирманың бірлескен мәлімдемелері, деп атап көрсеткен газет, «Қытайдың, Индияның және Бирманың арасында қалтқысыз байланыс орнай бастағанын көрсетеді».

рик атоллдарының тұрғын халқы қатты зардап шеккен. Бұл аралдардың көптеген тұрғын халқы іс жүзінде бүкіл өмір бойы мүгедек болып қалған.

АҚШ өкмет орындары, — делінген петицияда бұдан кейін, — атом және сутегі қаруын сынау әрекеттерін жүргізу үшін Маршалл аралдарының барған сайын көптеген тұрғын халқын өз жерлерінен көшіріп жіберуде. Энвевоток пен Кваджалейн атом және сутегі қаруын сынауға арнап бөлінді, ал Бикини мен Энвевоток аралдарының тұрғын халқын өз жерлерінен көшіріп жіберуді, Біріккен Ұлттар

Петиция берушілер, Маршалл аралдарының бүкіл халқының тілегін білдіре отырып, бұл ауданда өлім тарататын қаруды сынаудың барлық әрекеттерін тезінен тоқтатуды талап етуде. «Өз өмірімізге төнген хауіптің...» делінген петицияда, — сонымен қатар жер иемдену правосынан айрылу хауіпін барған сайын күшейе түсуі себепті, Біріккен Ұлттар

хауіп білдірген» және «тұтас аралды толығымен қыйрату...» орасан үлкен тұтас ауданды тып-тыйпыл жерге айналдыру қамқоршыға лайықты әрекет болып табыла ма» деп сұраған. Петиция беруші бұдан кейін мынадай сұрақ қойған: «басқарушы өкмет тарапынан мұндай бүліншілік әрекеттерінің онан әрі жасалуына жол бермеу үшін БҰҰ қандай шаралар қолданып отыр?»

ССРО өкілі бүгін қамқорлық жөніндегі советтің петициялар жөніндегі тұрақты комитетіне мынадай қарар жобасын енгізді:

«Қамқорлық жөніндегі совет Маршалл аралдары халқының петициясын қарап,

қамқорлықтағы территорияда — Тынық мұхит аралдарында сутегі және атом бомбаларын сынау әрекеттері салдарына жергілікті халықтың бір бөлігінің денсаулығына айықпайтын зиян келтіріліп, материалдық жағынан да елеулі зиян келтіріліп, мұның өзі сол территорияның

### СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ ЖЕНЕВА КЕҢЕСІНДЕ

ЖЕНЕВА, 9 июль. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін мұнда тоғыз делегацияның Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру мәселесіне арналған жабық мәжілісі болды.

Келесі мәжілістің мерзімі кеңестің екі председателінің өзара келісуі бойынша тағайындалады.

### „Нью-Йорк пост“ газеті Гватемаладағы әскери төңкерістің Латын Америкасындағы әсері туралы

НЬЮ-ЙОРК, 9 июль. (СОТА). Газет хабарлары АҚШ-тың билеуші топтары ұйымдастырған Гватемаладағы әскери төңкерістің Латын Америкасы елдерінде антиамерикандық пікірлердің өсуі нәтижесі екендігін анықтайды.

«Нью-Йорк пост» газетінің тілшісі Кэтчер Мексикадан берген хабарында бы-

сау туралы келісімде белгіленген қамқорлық шарттарымен және АҚШ үкметінің басқарушы өкмет ретіндегі міндеттемелерімен сыйыспайды деп санап,

БҰҰ Уставының II пунктіннің 83-ші статьясын басшылыққа ала отырып,

АҚШ үкметіне басқарушы өкмет ретінде мынаны тапсырады: а) қамқорлықтағы территорияда сутегі және атом бомбаларын сынау әрекеттері тоқтатылсын; б) қамқорлықтағы территорияның жергілікті халқы ұшыратылған материалдық зиянның орны толтырылсын және в) жергілікті халықтың бұрын өз меншігінде және пайдалануында болып келген территорияны иемдену және пайдалану жөніндегі барлық праволары қалпына келтірілсін, жергілікті халықтың бұл жерлерге ешбір кедергісіз қайтып келіп орналасуы қамтамасыз етілсін.

Советтік қарар жобасы комитеттің тағайындағы мәжілістерінің бірінде қаралады.

майор, I капитан) Түрік үкметінің шығаруы бойынша Түркияға ұшып кеткен.

Иран офицерлері 15 күн бойына, деп жазады газет, Түрік үкметі мен армиясының қонағы болады, штаб бастықтары мен және басқа да әскери басшылармен кездеседі.

### ҮШ ЖЕҢІС

Соңғы күндері қаланың стадиондарында «Трудовые резервы» — «Энергия», «Трудовые резервы» — «Спартак», «Трудовые резервы» — «Труд» ерікті спорт қоғамдары командалары арасында футбол жарысы бойынша жолдастық кездесулері болды. «Трудовые резервы» ерікті спорт қоғамы быйыл ғана құрылған команда. Оның құрамындағы адамдардың көпшілігі облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеруге келген патриоттар.

«Трудовые резервы» — «Энергия» командаларының жолдастық кездесуі 4:0 есебімен «Трудовые резервы» командасының жеңуімен аяқталды. «Труд» командасы бұлардан жеңіліп қалды. Ойын 3:1 есебімен патриоттардың жеңісімен аяқталды. Сол сыяқты, «Трудовые резервы» командасы «Спартак» командасымен кездескенде де көрнекті табыстарға ие болды.

Жолдастық кездесудің қорытындысында «Трудовые резервы» ерікті спорт қоғамының командасы қатарынан үш рет жеңіске ие болып, өздерінің таманы спорт шеберліктерін көрсетті.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА 9 ИЮЛЬДЕН

### КУЗБАСС МУЗЫКАЛЫ КОМЕДИЯ ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ БАСТАЛДЫ

- 11 ЩЕЛЬМЕНКО ДЕНЩИК
- 12 МАЛИНОВКАДАҒЫ ҚУДАЛЫҚ ТОЙЫ
- 13 ТРЕМБИТА
- 14 МАРИКАНЫҢ БАҚЫТЫ
- 15 ТЕҢІЗ ТУИНИ
- 16 ҚЫЗДЫҢ САСҚАЛАҚТАУЫ

Барлық спектакльдерге театр қассасында күндізгі сағат 2-ден кешкі сағат 9-ға дейін алдын-ала билеттер сатылады.

3-83 телефон арқылы.

Коллективтерден заявқалар қабылданады.

Спектакльдер кешкі сағат 8-30-да, күндіз сағат 12-де басталады.

Облыстық автомобиль басқармасының Петропавл автомобиль базасына түпкілікті жұмысқа темір ұстасы, көменші жұмысшылар, автомобиль жуушылар, автомобиль ісі жөніндегі слесарьлар, шоферлар және қызметші керек.

1939 жылы туған көк бие жоғалды. Жалы күзелген.

Көрген, білгендер болса Приешім ауданы Владимировск селолық Советіндегі «Путь Ленина» колхозына, Исак Майловка хабарлауы сұралады.



### УДАРНИК КИНОТЕАТРЫНДА

«КАЗАК ГОЛОТА ТУРАЛЫ ОИ»

Сағат 12.30-2.30-да басталады.

### «ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МАЛАХОВ ҚОРҒАНЫ»

Сағат 12-2-4-те басталады.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО-НЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ**  
1954 жылғы 30 июльде Киев қаласында Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының 40. тиражы өткізіледі:

Тиражда заемның 6 разрядына мына мөлшерде ұтыс шығады:

50000 сомдық	12 ұтыс
25000 сомдық	30 ұтыс
10000 сомдық	150 ұтыс
5000 сомдық	480 ұтыс
1000 сомдық	4200 ұтыс
400 сомдық	46128 ұтыс

Барлығы 27.901.200 сомдық 51000 ұтыс шығады.

Заем облигациялары барлық жыйнақ кассаларында еркін сатылады және сатып алынады.

Облигациялар мына баға бойынша сатылады:

200 сомдық облигация	100 сомдық облигация
----------------------	----------------------

Июльдің 1-нен 2-не дейін 204 сом 102 сом  
Июльдің 16-нан 29-на дейін 205 сом 102 сом 50 тыйын.

**МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!**

Мемлекеттік еңбек жыйнақ кассалары мен мемлекеттік кредиттің облыстық басқармасы.